# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

11.10.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№39 (8153)



QOĠAM — МҰҒАЛІМ МЕРЕЙІН ТАСЫТТЫ — 2-бет

KÚN TÁRTIBI — ТЕСТІЛЕУ ЗАЛЫ АШЫЛДЫ — 3-бет

JANAZYQ — РУХАНИЯТТЫ ҚОЛДАУДЫҢ ЕРЕН ҮЛГІСІ — 4-бет

ZERDE — АҚЫНЖАНДЫ ӘБЕКЕҢ — 5-бет


ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

## АЙМАҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ



**ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев бастаған үкіметтік топ Ұлытау ауданында болды. Топ құрамында ҚР Мәдениет және спорт министрінің орынбасары Нұрғиса Дәуешев, министрдің кеңесшісі Қыдырәлі Болман, «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы басқарма төрағасының орынбасары Тимур Дүйсенғалиев, «Egemen Qazaqstan» газетінің басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі болды. Үкімет басшысының орынбасарын Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек, Ұлытау ауданының әкімі Берік Әбдіғалиұлы бастап жүрді.**

►► *2-бетте*

## ТАРЛАНДАР ТАНЫЛЫП, ҰЛҒАЛАР ТОП ЖАРДЫ



**Жезқазғанда Арқаның Атымтай жомарты, белгілі меценат Бекзат Алтынбековтің ұйымдастыруымен «Тұлға» сыйлығын тапсыруға арналған ерекше бір дүбірлі салтанат болып өтті. Мәртебесі зор бұл іс-шара мемлекет және қоғам қайраткері, ақсұңқар ақын Сәкен Сейфулиннің 125 жылдығы мен ел газеті «Egemen Qazaqstan» газетінің 100 жылдық мерейтойларына арналды. Ауқымы кең, атаулы сыйлық қоғамдық рухани өмірдегі өнер мен мәдениеттің шамшырағын жағып, білім мен ақпарат айдынында кәсіби біліктілік биігінен көрініп жүрген талантты жандардың бір тобына табысталды. Оған еліміздің әр аймағынан осы салалардың таңдаулы тарпаңдары мен майталмандары қатысты.**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Көпшілік қауым жақсы біледі, заманға лайық білім ордасын қалыптастырып ұйымдастырушы, облыстық мәслихат депутаты Бекзат Қомарұлы меценаттықтың мерейлі жолымен танылған 15 жылдан бері қала, облыс көлемімен қатар республикалық деңгейдегі алуан іс-шараларға демеуші, ізгіліктің қолдаушысы болып келеді. Жомарт жүректі жан жетім балалар мен мұқтаж отбасыларына қайырымдылық жасаудан тартынған емес. Сондай-ақ, талантты жеткіншектер мен шығармашылық, білім, өнер, спорт, медицина өкілдеріне атаулы сыйақылар тағайындаумен кеңінен танылғаны белгілі. Озат оқушыларға Қоғам қайраткері Д.Қонаев атындағы, Халық ағарту ісінің үздігі Қ.Шыңғысов атындағы, колледж студенттеріне Құрметті теміржолшы Ш.Бекмағамбетов атындағы шәкіртақы тағайындау дәстүрге айналған еді. Кейінгі жылдары өз арамызда жүрген әртүрлі сала майталмандарын құрметтеп, көзі тірісінде мәртебе биігіне шығаруға көңіл бөлгені қуантады. Осы орайда білім беру саласының үздіктері Шабал Бейсенбекова, Нүрия Жұмажанова атындағы, өнер өлкесіндегі театр тарландары Досжан Жанботаев, Райхан Ибраева, Серік Бұлғақбаев атындағы және басқа да атаулы сыйлықтар тағайындалған болатын. Жалғасын тапқан дәстүр бұл жолы айтарлықтай ауқымды да айшықты, ұйымдастырылуы ұтқыр да ұлағатты іс-шараға айналып, дархандықтың керемет дарабоз үлгісін көрсетті. Меценат Бекзат Алтынбековтің биылғы атаулы сыйлығының ауқымы артуымен қатар, бұл шара арамыздағы тұлғаларды жан-жақты тани түсуге жол ашты. Бұл жолы 11 атаулы сыйлық және 4 «Тұлға» сыйлығы тағайындалыпты.

«Тұлға» сыйлығын тапсыруға арналған салтанатты қауышу алуан түрлі іс-шараны қамтығанын айта кеткен жөн. Жан-жақтан келген құрметті қонақтар қала төріндегі Кетбұқа би мен Сәкен Сейфуллин ескерткіштеріне тағзым етіп, гүлшоқтарын қойды. Ежелгі білім ұяларының бірі №8 гимназияда болып, жас жеткіншектермен кездесті. Одан әрі қалалық тарихи-археологиялық музейінде болып, «Egemen Qazaqstan» газетіне – 100 жыл» көрмесімен танысып, мысты өлке мен қасиетті Ұлытау өңіріне қатысты құнды жәдігерлерді тамашалады. Халықтар достығы мен мәдениеті үйіне атбасын тіреген қонақтарға көрсетілген құрмет пен қошеметтің салтанаты да айрықша келісті болды. Сыйлы қонақтардың аяғын жерге тигізбей лимузинмен жеткізіп, қалы кілеммен жүргізіп, әуезді күймен қарсы алудың астарында да халқымыздың айрықша дара тұлғаларға көрсетер құрметінің кәделі жолдарын сезінгендей күй кештік. Мәдениет үйінің фойесіндегі қолөнер шеберлерінің көрмесі де келушілер назарын аударарлықтай. Оған Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы Бақыткүл Райымбаева жетекшілік жасайтын «Аңсаған» мүмкіндігі шектеулі балалар бірлестігінің сырмақ, қолдан тоқылған кілем сияқты ұлттық бұйымдары мен Түркістаннан келген шебер Пахриддин Садықовтың қолынан шыққан кәдесыйлық музыкалық және өнер аспаптары қойылыпты. Салтанатты шараның шымылдығы да өткеніңді ұмытпа, бүгініңді бағала деген ниетпен ұлтымыздың қыл қобызы мен қара домбырасын бүгінгі ұрпаққа аманат етіп тапсырған сәтті арқау еткен театрландырған көрініспен ашылды. Қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова құттықтау сөзінде игі бастамаға ұйтқы бола білген Бекзат Қомарұлына алғысын білдіріп, Рухани жаңғыру аясындағы бұл айтарлықтай шара болғанына тоқталды.

Тұлға ретінде топ жару оңай емес. Ал, оны көп ішінен таңдап, танып алуға да зерде мен зеректік керек. Бекзат бауырымыздың қолға алуымен Жезқазғанда алғашқы рет тағайындалып отырған «Тұлға» сыйлығы әр сала бойынша ұсынылған үміткерлердің ішінен ең таңдаулы деген біреуіне ғана берілді. Сыйлық тапсырудың беташары ең әуелі номинациялық атаулық сыйлықтарды тапсырудан басталды. Ел өміріндегі биылғы жылғы рухани жаңалықтың елеулісі қазақ баспасөзінің қарашаңырағы «Egemen Qazaqstan» газетіне 100 жыл толғалы отыр. Елдің басты газетінің тарихы 1919 жылы 17 желтоқсанда Орынбор қаласында жарық көрген «Ұшқын» газетінен бастау алады. Содан бері басылым атауы «Еңбек туы», «Еңбекші қазақ», «Социалды Қазақстан» сияқты бірнеше атаулармен алмастырылып, 1993 жылдан бастап «Egemen Qazaqstan» атауын иеленді. Ұлтымыздың талай біртуар азаматтары осы газетте қызмет істеп, шығармашылық қолтаңбаларын қалдырған. Ғасырлық тарихы бар газет тойы қарсаңында баспасөз саласының өкілдеріне де арнайы атаулы сыйлық тағайындалған екен. Газет тойымен 125 жылдық мерейтойы тұспа-тұс келген, «Еңбекші қазақ» кезінде осы басылымның жауапты редакторы болған Сәкен Сейфуллин атындағы атаулы сыйлық «Egemen Qazaqstan»-ның Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі, журналист Қайрат Әбілдаға тапсырылды. Осы басылымның Жамбыл облысындағы тілшісі, журналист, ақын Хамит Есаман Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан атындағы атаулы сыйлыққа ие болды. Әріптестеріне сыйлық тапсыру құрметіне «Жезказганский вестник» және «Saryarqa» газеттерінің бас редакторлары Эльвира Алпанбаева мен Дархан Мұхан ие болды.

►► *8-бетте*

БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ!

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ҚАБЫЛДАДЫ

**«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысы Айгүл Байханова және Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова мемлекеттік қызметшілерді қабылдап, сұрақтарына жауап берді.**




Іс-шараға келген Жезқазған қаласы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің инспекторы Алпамыс Тайжанов: «Мемлекеттік қызметкерлер тапсыратын тестілеуге дайындық жүргізетін орталықтар ұйымдастырыла ма?», – деген сұрақ қойды. Бұл сауалға қатысты Айгүл Байханова арнайы тестілеу сайттарымен таныстырып, тестілеу ережелерін түсіндірді. Тестілеуден өту үшін халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы құжаттар тапсырылатынын ескертті. Сонымен қатар, қала әкімі аппаратының мемлекеттік құқықтық жұмыс бөлімінің мамандары да мемлекттік қызметкерлерге арналған басқару академиясынДа магистрлік дәреже қорғау және Президенттің кадрлық резервіне іріктеу болашақта да жалғасын таба ма деген сауалдарға жауап іздеді.

– Президент жинақтаған кадрлық резервке 300 жас іріктеледі. Өтініш қабылдау жұмыстары 1 қыркүйектен басталып кетті. Келесі тестілеу 12 қазанға бекітілді. Олар белгіленген 5 жыл ішінде өз біліктіліктерін дәлелдеп шығуы керек. Әрине, 300 адамның барлығы нақты жоғары дәрежелі жұмыстармен қамтамасыз етіледі деп айта алмаймыз. Егер де, бұл іріктеу оң нәтижесін көрсетсе, жобаның келешекте де жалғасы болары сөзсіз, – деп жауап берді Айгүл Байханова.

Жаңаарқа ауданынан бастап Жезқазғанға дейінгі бүкіл орталық өңірлерді аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізген Айгүл Байханова шара барысында «Digital Agent» жүйесіне де кеңінен тоқталып, оның негізгі қызметтерімен таныстырды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

БАСПАСӨЗ – 2020!

### «SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

***Құрметті оқырман!***

**Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу басталғанын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.**



**Газетке бір жылға жазылу бағасы**

*Жеке тұлғалар үшін*

**Мекен жайға жеткізіп беру – 4000 теңге;**

**Редакциядан келіп алу – 3000 теңге;**

*Заңды тұлғалар үшін*

**Мекен жайға жеткізіп беру – 7000 теңге;**

**Редакциядан келіп алу – 6000 теңге.**

***Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары: 8 7102 71 00 55, 77 50 25***

### ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Мемлекеттік және құқық қорғау қызметіне үміткерлерге заңнамалық актілерді білуге және жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеуді Жезқазған қаласында тапсыруға мүмкіндік пайда болғандығын жеткіземіз.

Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 мекенжайында орналасқан ғимаратта *(Жезқазған қаласының әкімі аппаратының ғимараты)* тестілеу залы ашылды. Тестілеуге «Электрондық үкімет» веб-порталы және «Азаматтарға арналған үкімет» МК жүгіну арқылы жазылуға болады.


Мемлекеттік қызметтер бойынша көмекші сіздің смартфоныңызда

mgov мобильді қосымшасы

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

# АЙМАҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ




Топ мүшелері Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауын түсіндіру мақсатында Ұлытау ауданы әкімдігінде Жезқазған, Сәтбаев қалалары және Ұлытау ауданының активімен кездесті. Аймақ жұртшылығымен кездесуде Б.Сапарбаев алда аталып өтілетін Алтын Орданың 750 жылдығы мен Президент Жолдауының басым бағыттарына тоқталды.

– Кешеден бері Қарағанды өңірінде жұмыс сапарымен жүрміз. Мақсатымыз – өңірдегі жағдайды өз көзімізбен көріп, жұртшылықпен тілдесу, екіншіден Мемлекет басшысының халыққа Жолдауын Үкіметтің қалай орындап жатқаны, алда атқарылатын жұмыстар туралы мәлімет беру. Өздеріңіз білетіндей Мемлекет басшысының осы Ұлытау өңіріне қатысты берген нақты тапсырмалары бар. Соның бірі – Алтын Орданың 750 жылдығын атап өту. Соған байланысты Ұлытау өңіріне келіп отырмыз. Бұл іс-шараның тарихи, саяси мәні үлкен, – деген Б.Сапарбаев Президент Жолдауында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына негіз болатын бастамалардың көрініс тапқанын атап өтті. Оның айтуынша, халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту мемлекет саясатының басым бағыты болып отыр.

– Жылдан жылға әлеуметтік салаға көп көңіл бөлінуде. Биылғы бюджеттің 45 пайызын әлеуметтік сала шығындары құрап отыр. Сәуір айынан бері арнаулы әлеуметтік көмек жаңа форматта төленіп келе жатқанын білесіздер. Қазіргі таңда бұл көмек түрін елімізде 2 млн.200 мың адам алады. Оның 1 млн.200 мыңы – балалар. Арнаулы әлеуметтік көмекті толық әрі уақытылы төлеу үшін бюджеттен 142 млрд. теңге қаражат жұмсалды. Сонымен бірге, Мемлекет басшысының тапсырмасымен азаматтардың борыштық жүктемесін азайту жұмыстары жүргізілді. Қазақстандықтардың банктердегі несиелерінің бір бөлігін жабу үшін қазынадан 104 млрд. теңге жұмсалды. Бұған қосымша басқа да жүктемелерді азайту үшін 34 млрд.теңге қаражат бөлінді. Бұл көмек түрлері тек мұқтаждарға ғана берілуі керек және өмір бойы төленетін көмек болмауы қажет. Үкімет қазір әлеуметтік қолдау шараларын одан әрі жетілдіру бағытында жұмыс істеуде, – деген ол Жолдауда Мемлекет басшысы билік органдарының жұртшылықпен байланысы, ашық диалог орнату мәселесіне жіті назар аудартқанын жеткізді.

– Мемлекет басшысы халықтың үніне құлақ асатын мемлекет құру міндетін қойды. Бұл – жер-жерлердегі басқару органдарына да қатысты. Соған байланысты, қоғамдық кеңестердің, мәслихаттардың, жалпы азаматтық қоғамның рөлі нығаятын болады. Қазіргі таңда қоғамдық кеңестердің жұмысы өз деңгейінде емес. Тиісті министрлік осы кеңестердің жұмысын тиімді ету мақсатында қажет құжаттарды әзірлеуде. Сонымен бірге билік жұмысын бағалауда халықтың пікірі шешуші маңызға ие болатын болады. Яғни, ендігі уақытта әкімдердің жұмысына сол елді мекендегі халықтың 30 пайызы қанағаттанбаса, ол әкімнің лауазымына сәйкестігі туралы мәселе қаралатын болады. Қазіргі таңда осындай бастамалардың құқықтық негіздері әзірленуде, – деген Б.Сапарбаев Жолдауда білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, құқық қорғау, өңірлердің дамуы салаларына қатысты айтылған міндеттерге кеңінен тоқталды.



Кездесуде аудан ардагерлері, Жезқазған, Сәтбаев қалаларының өкілдері туризмді дамыту мүмкіндіктері, моноқалаларға жас мамандарды тарту тетіктері, көмір бағасы, газдандыру, ауылдарды көркейтуге қатысты сауалдары мен ұсыныстарын ортаға салды.

Кездесуде облыс басшысы Ж.Қасымбек аймақтағы Алаша хан, Жошы хан кесенелеріне, басқа да тарихи орындарға апаратын жолдардың толық жөнделетінін, сондай-ақ, Сәтбаев қаласы мен Ұлытау ауданының арасын жалғайтын жол келесі жылы жөнделетінін жеткізді. Сонымен бірге, келесі жылы Ұлытау-Арқалық жолын жөндеуге жобалық-сметалық құжаттар әзірленбек.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев Ұлытауға сапары барысында Алаша хан, Жошы хан кесенелері, «Хан Ордасы» кешені, Алтын шоқы биігінде болып, аудан орталығында салынып жатқан сапар орталығы, өлкетану музейінің құрылысымен, аудандық емхананың жұмысымен танысты.

Жошы хан, Алаша хан кесенелері, Алтын шоқы биігі, «Хан Ордасы» кешенінде болған Б.Сапарбаев «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің аудан орталығында салынып жатқан «Aqmeshit» сапар орталығының құрылыс алаңына барды. Премьер-министр орынбасарына құрылыстың бас мердігері «Заводстрой» ЖШС мен қорық-музей өкілдері жұмыс барысымен, сапар орталығының жобасымен, туристер легінің қарқынымен таныстырды.



Қазіргі таңда нысанда 53 адам жұмыс істеуде. Құрылыс қарқыны кестеден 6 ай мерзімге кешігіп келеді. Бөлінген 718 млн. теңге қаражаттың жартысына жуығы ғана игерілген.

– Қазіргі таңда облыстық әкімдіктің қолдауын сезініп отырмыз. Құрылыс басқармасы, құрылыс-сәулет бақылау басқармасы техника, басқа да жағынан көмектесуде, – дейді қорық-музей директорының міндетін атқарушы Лейла Бақытова.

Оның айтуынша, жоба бойынша сапар орталығында туристерге арналған 15 орынды, 10 бөлмелі қонақ үй үлгісіндегі жатақхана, музей, 2 конференц-зал, асхана болады. Премьер-министр орынбасарына сонымен бірге аймақтағы тарихи-мәдени орындардың туристік маршруты, тарихи ескерткіштерді реставрациялау жұмыстары, осыған дейін өткен туристік іс-шаралар таныстырылды.

Б. Сапарбаев келесі ат басын бұрған нысан – Ұлытау ауданы өлкетану музейінің құрылысы. Музей ғимараты жоба бойынша 2 қабаттан тұрады, ауданы 830 шаршы метрді құрайды. Құрылыстың негізгі бөлігі аяқталып, қазір қазандық орнату, ішкі, сыртқы әрлеу жұмыстары жүруде.

Премьер-министр орынбасары аталған нысандардың жобалануына, құрылыс жұмысының барысына көңілі толмайтынын айтып, сапар орталығы мен аудандық музей ғимаратын оңтайлы пайдалану, жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында Мәдениет және спорт министрлігіне, облыс, аудан әкімдігіне ұсыныс дайындауды, құрылыс-монтаж жұмыстарына жергілікті азаматтарды жұмысқа тартуды тапсырды.

Б. Сапарбаев сонымен бірге аудандық емханада болды. Мұнда келесі жылы аудандық орталық аурухананың құрылысы басталмақ. Қазіргі таңда емхана жанынан қажетті жер телімі бөлініп, қаражат қарастырылған. 2 мың шаршы метр аумақты алатын 3 қабатты аурухана ғимаратының құрылысы келесі жылы басталып, 2021 жылы аяқталуы тиіс. Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде.

**Дархан МҰХАН**

МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

# МҰҒАЛІМ МЕРЕЙІН ТАСЫТТЫ

**Шәкірт жүрегіне жол таба білген ұлағаты мол педагогтердің көп жылғы еңбегі Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өткен салтанатты шарада лайықты бағасын алды.**

Ғибратты ғұмырының қымбат шақтарын бала оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнаған сала ардагерлерін ұлықтаудан басталған мерекелік жиынның шымылдығы Жезқазған қаласы әкімі аппаратының жетекшісі Ержан Есетовтің құттықтауымен түрілді.

– Мұғалім – мамандық. Ал, ұстаз болу – адам бойындағы ерекше қасиет. Сондықтан, ұстаз мәртебесі – халық арасында қашан да биік, оған деген құрмет жоғары. Егемен еліміздің болашағын ойлайтын, Тәуелсіздігін қорғайтын білімді ұрпақтың тәлімгері – Сіздерсіздер. Осындай жолы мен орны бөлек аяулы ұстаздарымыз шәкірттердің мақтанышы ғана емес, сонымен қатар, бүкіл ел – мақтанышы. Бүгін отандық педагогиканың үздік дәстүрлерін сақтап, жас ұрпаққа жеткізіп, осы саладағы маңызды принцип болып табылатын ұрпақ сабақтастығын нығайтуға зор үлес қосып жүрген ардагер ұстаздарға ерекше алғысымызды білдіре отырып, олардың ізін жалғаған толқынға шығармашылық табыс тілейміз, – деп ақ жарма ақ тілектерін жеткізген аппарат жетекшісі марапаттау рәсімін бастап кетті.




Алғаш болып марапат төрінен табылған Ерболат Сәдуақасов пен Жанат Абынағиева «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісін тақса, Алтынкүл Дүйсенбекова мен Тулев Тайшықоваға «Қарағанды облысының білім саласына еңбегі сіңген қызметкері» төсбелгісі салтанатты түрде тапсырылды. Келер ұрпақты өзіндік ойлауға, шешім қабылдауға және өз таңдауына жауапкершілікпен қарауға үйретуден талмайтын бір топ ұстаздың еңбегі ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатымен еленді. Бұл марапатқа Айгүл Құдабаева, Шарбан Қуанышбекова, Галина Караманенко, Газиза Балмағанбетова, Орынбасар Кошакова, Нағима Тағыбергенова мен Светлана Кисибаева, Ақмарал Жантенова, Раиса Кушкеева лайықты деп танылды. Бойындағы бар мейірімін, білімі мен тәжірибесін алдындағы шәкірттеріне беріп, олардың жан дүниесін рухани байыта отырып, дұрыс бағдарлай білген Ғазиз Жетібаев, Сәрсенкүл Балабекова, Панар Смағұлова мен Жанар Көпеева, Гүлзада Жұмашева Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатын иеленсе, Мақпал Байдильдинаға, Гүлмайра Аяшеваға, сондай-ақ, Салтанат Бакеева мен Жанар Альденоваға облыстық білім басқармасының Алғыс хаты бұйырды. Сонымен қатар, жиналған қауым сахна төріне көтерілген Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің информатика пәнінің мұғалімі Ардақ Әбдіғұловаға құрмет көрсетті. Ол Қарағанды облысы әкімінің сыйлығын «Үздік пән педагогі» аталымы бойынша жеңіп алды.

Құттықтаулар легін жалғастырған қаланың бас педагогі Жеңіс Әлмағанбетов еңбегімен дараланған әріптестерін Жезқазған қаласының Құрмет грамотасымен марапаттап, мерейін асырды.

Оқуда озат, өнер мен спортта да алда жүрген шәкірттер әріп танытып, білім әлеміне жетелеген мұғалімдерін қуантуға асықты. «Ұстазым менің ұстазым» деп әннен шашу шашқан өнерпаздар мен биші қыздар жиын қатысушыларының мерекелік көңіл-күйін еселей түсті.

Барша жезқазғандық ұстаздар қала әкімінің сыйлығын табыстайтын сәтті тағатсыздана күтті. Дәстүрлі түрде тағайындалатын сыйлық биыл тоғыз номинация бойынша өтті. Қатысуға барлығы 60 ұстаз өтінім берген. Арнайы құрылған комиссия мүшелеріне үздікті анықтау оңайға соқпады. Өйткені, барлық мұғалім – жеңімпаз атануға лайық. Дегенмен, бәйге болғасын бағы мен бабы қатар шапқандар болары хақ. Осылайша, конкурстың қорытындысы бойынша жүзден жүйрік шыққандарға 200 мың теңгелік сертификат пен жеңімпаз белгісі табысталды. Атап айтқанда №14 «Балдырған» балабақшасының директоры Айгүл Дүйсенбаева «Мектепке дейінгі мекеменің үздік педагогі» атанса, «Бастауыш білімнің үздік педагогі» номинациясын Қ.Сәтбаев атындағы 7 мектеп лицейдің мұғалімі Панар Смағұлова мен №1 орта мектептің ұстазы Қызғалдақ Жандәулетова қанжығасына байлады. Балалар мен жасөспірімдер сарайының «Алтын оймақ» үйірмесінің жетекшісі Гүлмира Бегалиева «Қосымша білім берудің үздік педагогі» номинациясында үздік шықты. №10 жалпы білім беретін орта мектептің музыка пәні мұғалімі Айман Бірімжанова «Адал қызмет иесі» аталымына ие болса, химия пәнінің мұғалмі Сымбат Құлжабаева «Үздік пән оқытушысы» атанды. «Білімді дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін» номинациясы – №13 орта мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Қарлығаш Жағыпарованың еншісінде. Жалпы, биылғы жылы №1 орта мектеп ұстаздарының еңбегі еленгенін айта өткен жөн. Аталмыш білім ордасының биологы Жанаргүл Әбілдаева «Мұғалім – зерттеуші» атанса, информатигі Гүлбағила Назарымбетоваға «Жаңашыл педагог» номинациясында ешкім тең келмеді.

«Жыл мұғалімі – 2019» атағы мен 300 мың теңгелік сертификатын Жезқазған қаласы әкімі аппаратының жетекшісі Ержан Есетов №8 гимназияның химия пәнінің педагогі Гүлнәр Бимендиноваға тапсырды. Гүлнәр Құсайынқызы – білімі мен тәжірибесі мол жоғары санатты, педагог-зерттеуші. Ұлытау ауданына қарасты Амангелді ауылында туған ол – Абай атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді педагогикалық институттың түлегі. Гүлнәр мұғалімнің осы мәртебелі мамандықты қалап, халық ағарту саласында жемісті еңбек етіп, ел-жұрттың ілтипаты мен ықыласына бөленгеніне міне 30 жылдан асып барады. Талапты да талантты шәкірттерімен мақтанатын ұстаз ұжымда да сыйлы. Гимназияда жаратылылыстану кафедрасының жетекшілік ететін мұғалім педагогикалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жаңашылдықтарды жатсынбай қабылдайды. Әр жыл бойынша химия пәнінен бірыңғай ұлттық тестте 100% сапа көрсететін ол ағылшын тілін еркін меңгеріп, тілді сабақ беруде қолданатынын айтпай кетпеске болмас.

– Жан-жақты дамыған тұлғаны әлемдік білім кеңістігіне еркін жүзе алатындай оқытып, тәрбиелеу мұғалім үшін маңызды да басты міндет. Осы орайда Гүлнәр Бимендинова – тұлғаны өзіндік әрекетке бағыттайтын инновациялық технологияларды басшылыққа алып жұмыс жасайтын, педагогикалық іскерлігі, ізденімпаздық әрекеті, кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан педагог,– деп әріптесін жоғары бағалады гимназия директоры Сара Әбдікерова.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТ

**«Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов жылдағы дәстүрден жаңылмай өз бақытын шәкірттерінен тапқан бала жанының бағбандарын ұлықтады.**



Дөңгелек үстел басына жиналған білім саласы қызметкерлерінің дені – тәрбиешілер. Неге десеңіздер, «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалының құрамында балабақшалар, атап айтқанда «Көктем», «Арман», «Родничок», «Гүлдер» мен «Балдырған» бөбекжай ұжымдары құрған бастауыш партия ұйымдары бар. Сонымен қатар, Сәтбаев пен Балқаш қалаларындағы технологиялық колледж педагогтері де партия жұмысына белсене араласатынын айта өткен жөн.

Салтанатты жиынды құттықтау сөзімен ашқан Бауыржан Қабденұлы ұстаздардың қоғамдағы рөлі мен орны хақында ой қозғады.

– Мен педагогтер отбасында туғандықтан Сіздердің еңбектеріңіз табандылықты, адалдық пен жүректі қажет ететінін жақсы білемін. Шәкірттеріңізге асыққан әрбір таң ізденіс жолында ұйқысыз өткізген түнді ұмыттыратынынан да хабардармын. Сондықтан, сіздердің алдарыңызда бас иіп, «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы мүшелері атынан ризашылығымды білдіремін, – деп ақ тілектерін ақтарды. Және оңы мен солын тани қоймаған бір-бір үйдің еркесін мейірім шуағымен білімге құштар ететін тәрбиешілер қауымының еңбегін ерекше атап өтті де марапаттау рәсімін бастады. Ұрпақ тәрбиелей жүріп, қоғамдық шараларға белсене араласып, «Nur Otan» партиясы төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың партия алдына қойған міндеттерін жүзеге асырдағы үлесі үшін бір топ педагогке Алғыс хат пен ақшалай сыйлық табысталды.

Құшақтары гүлге толып, алғыс арқалаған ұстаздар көрсетілген ыстық ықылас пен зор құрмет үшін рахмет айтуға да ұмытпады.

– Еңбектің бағаланғанын кімде болсын қалайды. Кәсіби мереке қарсаңында еңбегімізді елеп, мадақ көрсетіп жатқандарыңызға міне, алты жылдан асты. Сондықтан, «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалына мүшелік ететін барша білім беру қызметкерлері атынан партияға, оның ішінде Бауыржан Қабденұлы Сізге ерекше алғыс білдіргім келеді, – деп жиында сөз алған технологиялық колледждің кәсіподақ ұймы төрайымы Гүлнәр Кәкімжанова елімізде кәсіптік-техникалық білім берудің маңызына тоқталды.

– Еліміздің Тұңғыш Президенті, партия төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы елімізді үздік отыздыққа енгізу межесін қойғаны белгілі. Бұл мақсатқа жетудің жолын да айқындап берген Елбасы: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек», – деген-ді. Бүгін де технологиялық колледжде 400-ден аса студент кәсіптік білім алуда. Олардың жұмысқа орналасуы 100 пайызды құрайды. Биыл қабылданған 190 студенттің 65-і мемлекеттік грант иегері, – екенін айтты.

Бастауыш партия ұйымдары төрағаларының еңбегі көп жағдайда ескерусіз қалатынын алға тартқан «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары балабақша мен колледж директорларын жеке қабылдап, оларға да сый-құрмет танытты.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# АҚ ХАЛАТТЫЛАР ДА МЕРЕКЕГЕ СӘН БЕРДІ

**Ұстаздар күні қарсаңында қаламыздың болашақ дәрігерлері де өз өнерлерін ортаға салды. «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында Жезқазған жоғары медициналық колледжінің студенттері «Ұстаз болу – ұлағатты ұлы есім» атты мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырып, колледж оқытушыларына сый құрметтерін білдірді.**

– Ұстаздық дегеніміз – өмір салтының қалыптасуы. Себебі, ұстаздық – тек білім ордасында ғана емес, күнделікті тұрмыста да қоса қабаттасып өмір сүретін мамандық. Біздің колледжде алды 45 жылдан артық қызмет етіп келе жатқан ұстаздар бар. Өз мамандықтарын сүйіп, талмай еңбек етіп жатқан ұстаздарымыздың арқасында былтыр біздің колледж халықаралық аккретациядан өтіп, аймағызда алғашқы болып «жоғары колледж» деген дәрежеге ие болды, – деді шара басында сөз алған Жезқазған жоғары медициналық колледжінің директоры, денсаулық сақтау саласының үздігі Меруерт Молдина.

Ақ халат киген талапты жастардың өнерлерін паш еткен кеш одан әрі марапаттау рәсімімен жалғасты. Мереке қарсаңында «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен аталмыш оқу ордасының оқу-өндірістік тәжірибе ісінің меңгерушісі, терапия пәнінің жоғары санатты оқытушысы Жанар Әбеуова, «Кәсіби жетістіктері үшін» төсбелгісімен фармакология пәнінің оқытушысы Төлеу Қоқанова мен Людмила Шлегель, «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен Сағынай Жарлығасова марапатталды. Сондай-ақ, Жезқазған қаласы әкімінің Құрмет грамотасына Қайырлен Ораз, «Nur Otan» партиясының Алғыс хатына Дәулет Бейсенбаев, Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімі жастар ресурстық орталығының мақтау грамотасына Қуаныш Бейсекбаев ие болды.

Ұстаз жайлы әсем әнмен жалғасқан кештің жарқын сәттерінің бірі – үздіктерді анықтау салтанаты болды. Өткен оқу жылында аса ерекше белсенділігі мен кәсібилігін танытқан ұстаздар арасында өткен «Үздік оқытушы» номинациясы Гүлзейнеп Кенішбаеваға, «Үздік ғылыми жетекші» номинациясы Айнұр Гусмановаға, «Колледж мақтанышысы» номинациясы Сағынай Жарылғасоваға табысталды. «Үздік топ» номинациясын Гүлнәр Көшекова жетекшілік ететін 112 емдеу тобы жеңіп алды. Оқуда және қоғамдық жұмыстарда алғырлығымен көзге түскен ең озат студентке берілетін «Жыл студенті» номинациясын Нұрбек Бөлеген иеленді.

Шара соңында жеңімпаз жастар келер жылы құрылғанына 60 жыл толғалы отырған оқу ордасының барша ұстаздарына ақ тілектерін арнап, алғыстарын білдірді және естелік суретке түсті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ҚАРТ ҰСТАЗДАРДЫ ҰЛЫҚТАДЫ

**Сан шәкіртті білім нәрімен сусындатып, алғысына бөленген ұстаз есімі ешқашан ұмытылмасы хақ. Ұстаздар мерекесі қарсаңында қаламыздың ардагер ұстаздары да ескерусіз қалмады. Жезқазған қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов бастаған педагог мамандар «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері, «Ақ әжелер» ансамбілінің мүшесі Зоя Бейсембаева мен Еңбек және тыл ардагері, Қазақ ССР-нің білім беру үздігі Анастасия Ткачеваның шаңырақтарына барып, мерекелерімен құттықтады.**



– № 13 ЖОББМ-те көп жылдар бойы еңбек еттім. Ұстаз тек шәкіртіне білім үйретіп, оны тәрбиелеп қана қоймайды. Өз жұмысы арқылы өзі де талмай ізденеді, өзін де тәрбиелейді. Ұстаз үшін, әсіресе, зейнет жасындағы біз секілді егде адамдар үшін шәкірттерінің алғысы мен халқының құрметінен артық ешқандай сый жоқ, – деген Зоя Бейсембаева қонақтарға ұстаздық мамандықтың қызығы мен шыжығын үлкен сағынышпен баяндап, батасын берді.

– № 5 мектепке енді ғана орналасып жұмысқа кірісken мені № 24 мектеп салынып бітісімен осы мектепке ауыстырды. Мен балаларды шын жүрегіммен жақсы көрдім, олар да мені жақсы көрді. Қазірдің өзінде мектеп ұжымы мен шәкірттер мені ұстаздар күні мен 8 наурыз мерекесінде жыл сайын құттықтап келеді, мектепте өтетін іс-шараларға шақырып тұрады. Барлықтарыңа менің жасымды берсін, – деген 84-ке келген ұстаз Анастасия Ткачева үлкен алғысын білдірді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ТЕСТІЛЕУ ЗАЛЫ АШЫЛДЫ



**Бүгінгі таңда Жезқазған қаласы әкімі аппараты мен оған қарасты 17 мемлекеттік мекемеде 107 мемлекеттік қызметкер еңбек етуде. Одан бөлек салық комитетінің, халыққа қызмет көрсету орталығы мен құқық қорғау органдары қызметкерлері де – мемлекеттік қызметте. Жезқазған қаласы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі биылғы жылы бос орындарды толтыру мақсатында 18 конкурс ұйымдастырған. Оған 33 үміткер құжат тапсырса, 21-і комиссия шешімімен жұмысқа қабылданған.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Соның өзінде жергілікті атқару органдарында әлі де 13 бос орын бар. Көріп тұрғандарыңыздай мемлекеттік қызметке орналсуға ниеттілердің саны аз емес. Ол мемлекеттік тестілеуден сүрінгендерді есепке алмағанда. Нақтырақ айтатын болсақ, 2018 жылдың өзінде Жезқазған-Ұлытау аймағынан 781 адам, 2019 жылы 693 адам Қарағанды қаласына барып, тестілеуден өткен. Мемлекеттік қызметке орналасуды ниет еткендерге 500-700 шақырымды еңсеру оңайға түспейтінін назарға алған ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті қала әкімдігінің қолдауымен тестілеу залын ашты. Енді аймақ тұрғындары Жезқазған қаласы әкімдігі ғимаратының 8 қабатында орналасқан арнайы залда мемлекеттік қызметке орналасу үшін тестілеуден өте алады.

Тестілеуден орталығының ашылу салтанатына қатысқан ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысы әрі Әдеп кеңесінің төрағасы Айгүл Байханова:

– Кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру міндетін жүзеге асыру мақсатында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен мемлекеттік қызметке үміткерлерді сапалы іріктеу үшін талаптар күшейтілуде. Осындай талаптардың бірі мемлекеттік және құқық қорғау органдарына үміткерлермен заңнаманы білуге арналған тестілеуді тапсыру үшін қолжетімділікті жоғарылату болып табылады. Қолайлы жағдай жасау мақсатында ашылған тестілеу залы өңір тұрғындарының мемлекеттік және құқық қорғау органдарына қызметке орналасу мүмкіндігін кеңейте отырып, үміткерлерді іріктеу сапасын және мемлекеттік аппараттың кәсібилігін арттыру жолында жасалған маңызды қадам, – деді.

Жиында сөз алған қала басшысының орынбасары Зина Ақылбекова Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында қаузалған азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруда мемлекеттік қызметшілер қоғам мен билік арасын байланыстырушы екенін алға тартып, осы міндетті орындау барша мемлекеттік қызметшілерге жүктелетінін жеткізді.

Заманауи үлгіде жабдықталған тестілеу залы – 12 орындық. Бүгінде оның операторы да тағайындалған.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# «АСЫЛ ҚАЗЫНА» ОРТАЛЫҒЫ

## *қарттар игілігіне берілді*

**Еңбегінің зейнетін көрер шаққа жеткен жезқазғандық қарттардың белсенділігі жоғары екенін айтпаса да белгілі. Үйде немере мен шөберенің тәрбиесіне қатысып, әулетінің берекесін тасытып отырған олар қаланың қоғамдық өміріне де араласуды өз міндеті санайды. Онысы дұрыс та. Өйткені, өмірі еңбекпен өрілген ардагерлердің саналы ғұмыры жас ұрпаққа үлгі-өнеге болмақ. 65 жылдық тарихы бар Жезқазғанның құрылуы мен дамуында қолтаңбасы қалған еңбек ардагерлерін қолдау мақсатында қала басшылығының демеушілігімен Халықтар достығы мен мәдениеті үйінің бірінші қабатында «Асыл қазына» белсенді өмір сүру орталығы ашылды.**



Жезқазғандық қариялардың бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік беретін орталықтың ашылу салтанатына қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова қатысты. Ол өз құттықтауында:

– Біз – қартына төрін ұсынған, оларды қазынасына балаған халықтың ұрпағымыз. Сіздер бойыңыздағы бар күш пен жігерді елдің ырысын арттырып, Жезқазғанның даңқын асқақтатуға сарп еттіңіздер. Сондықтан, ерен еңбектің үлгісін көрсеткен алдыңғы толқынға қандай құрмет пен қошемет көрсетсе де аздық етеді. Ашылғалы тұрған «Асыл қазына» белсенді өмір сүру орталығы Сіздерге деген қамқорлықтың бір парасы ғана, – деп, ақ сақалды аталар мен ақ жаулықты әжелердің денсаулығы сыр бермесін деп тіледі. Ақ тілектер легін жалғаған «Жезқазған маржандары» хор ұжымының белсендісі Бақытжан Нұрғалиев орталықтың ашылуына мұрындық болғандарға шынайы алғысын білдіріп, туған жердің торқалы тойына жыр шашуын тарту етті.

«Асыл қазына» белсенді өмір сүру орталығында «Жезқазған маржандары» хор ұжымы мен «Любисток» украин-беларус ұлттық мәдени орталықтарына жеке бөлме қарастырылған. Қажетті жиһаздармен жабдықталған бөлмеде өнер иелері концерттерге дайындала алады. Сонымен қатар, мұнда ұжымның қол жеткізген жетістіктермен танысуға мүмкіндік беретін арнай бұрыш жасалған. Сондай-ақ, жезқазғандық қарияларға компьютерлік сауаттылықты арттыруға, қолөнермен айналысуға, газет-журнал мен кітап оқып, қазақтың ұлттық мәдениетімен танысуға, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы мен домино ойындарын ойнауға барлық жағдай жасалған. Алдағы уақытта орталықта тіл үйрену сабақтары мен латын тіліне негізделген жаңа әліпби мен емлені үйрету сағаттарын жүргізу жоспарланған.

Орталықта кез келген зейнеткер бос уақытын мәнді өткізіп қана қоймай, ардагерлер құрамында ән шырқай алады. Немесе халық мұраларын насихаттау жұмыстарына қатысады. Көріп тұрғанымыздай орталықтың берері көп. Дегенмен, ең бастысы «Асыл қазына» орталығы қарттар мен зейнеткерлердің өмір сүру белсенділігін арттыруға жол ашады.

**Бота ШАЛҚАР**

*Суреттерді түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҒАТ АКЦИЯСЫ

## *Жезқазғанда жалғасын тапты*

**Биыл алғашқы рет 3 қазан күні республика көлемінде ҚР экология, геология және табиғи ресурстарминистрлігінің бастамасымен қолға алынған экологиялық сағат акциясына жезқазғандықтар да үн қосты.**



Акцияны өткізуді дәл осы күнге байлау кездейсоқтық емес. Өйткені, 3 қазан – дүниежүзілік мекендейтін жерлерді қорғау күні. Еліміздің барлық өңірінде қолдау тапқан шараға білім ордаларымен қатар, министрлер кабинетінің мүшелері, жергілікті әкімдер мен қоғам қайраткерлері белсене қатысқанын айта өткен жөн. №13 жалпы білім беретін орта мектепте ұйымдастырылған экосағатқа Жезқазған қаласы әкімі аппаратының жетекшісі Ержан Есетов пен білім беру бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағамбетов қатысты. Өскелең ұрпақтың алдында сөз алған Ержан Жағыпарұлы қоршаған ортаны қорғау мен аялау әр азаматтың парызы екенін ұғындырып, оқушыларды табиғатқа жанашырлық танытуға шақырды.

Республикалық экологиялық сағат акциясы аясында мектеп айналасына 40 ағаш отырғызылды. Осылайша, оқушылар мен олардың ата-аналары ұстаздармен бірге мектеп аумағын абаттандырып, жасыл желектендіруге өз үлестерін қосты.

– Жасыл желектер көптік етпейді. Өсімдік атаулының экологиялық ахуалды жақсартуға тигізер әсерін жақсы білеміз. Сондықтан, қала тұрғындары бастаманы қолдап, тал егуді дәстүрге айналдырса деймін. Сонда туған жеріміздің ауасы тазарып қана қоймай, шырайлана түсері анық, – деген ата-ананың ойы құптарлық.

Акция мектепішілік шаралармен жалғасын тапты. Атап айтқанда, мектеп фойесінде «Эколайф» көрмесі ұйымдастырылды. Мұнда оқушылардың қолымен күнделікті тұрмыстағы қажетсіз қалдықтардан жасалған түрлі бұйымдар қойылды. Мектептің бірінші және екінші қабаттарында «Флора-лайф» акциясы өтті. 3-4 сынып оқушылары мен ата-аналарының қатысуымен бөлме гүлдері отырғызылды. Сонымен қатар, жоғары сыныптарда «Экология жастар көзімен», «Адам-Қоғам-Табиғат» тақырыбында ашық сабақтар өткізілді.

Жас ұрпақты табиғи ресурстарға қамқорлықпен қарауды насихаттауға бағытталған шара барлық қала мектептерінде өткенін айта өткен жөн. 2300 жезқазғандық оқушы мен 100 ата-ана мен 50 мұғалім қатысқан акция шеңберінде 750 тал егілді. Экологиялық сағат акциясы белсенді жастардың қатысуымен Алғашқы құрылысшылар алаңында да жалғасты. Олар отырғызған 30 түп тал алдағы көктемде бүр жарып, алаңның көркіне көрік қоса түсетіні анық.

Айта кету керек, акция аясында еліміз бойынша 200 мыңнан ағаш отырғызылды. Оған 6 мың мектептен 2 миллионнан астам оқушы қатысты. Экологиялық сағат акциясы 12 қазанда өз жалғасын табады. Осы күні «Жастар,» «Наурыз» саябағы мен Ғарышкерлер бақжолына 3550 тал отырғызу жоспарлануда.

**Бота ШАЛҚАР**

# ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ТУРАЛЫ



**Жылу маусымы Қарағанды облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 14 наурыздағы XII сессиясының № 129 шешімімен бекітілген жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидаларына сәйкес өтеді.**

Жезқазған қаласы әкімдігімен жылу маусымына абоненттік жылу жүйелерін және жылу тұтыну жүйелерін дайындық іс-шаралар кешені әзірленген.

Жылу жүйелеріне қосылу үшін коммуналдық қызметтерді тұтынушылар жөндеу және алдын алу жұмыстарын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және тиісті нысан бойынша ресімделген көппәтерлі үйлерді жалпы тексеру актісінде көрсетілген ғимараттар мен үйішілік жүйелерді көктемгі тексеру нәтижелерін ескеріп жүргізу міндетті.

Жөндеу және алдын алу жұмыстарын орындағаннан кейін жылу тұтыну жүйесін қабылдауды жылумен жабдықтаушы ұйым жүзеге асырады және екі жақты актімен ресімделеді.

Жылумен жабдықтау (энергия беруші) ұйымның, нысанның дайындығын тексеру актісін ресімдеусіз жылу тұтыну жүйесін қосуға жол берілмейді.

Жоғарыдағы көрсетілген іс-шаралар кешеніне сәйкес, Жезқазған қаласында көппәтерлі тұрғын үйлерді тапсыру графигі әзірленген.

Жезқазған қаласында 651 көппәтерлі тұрғын үй бар, оның ішінде 557 үй пәтер иелері кооперативі (бұдан әрі-ПИК) басқарады. Осы уақытта, ПИК қысқы жағдайда нысанды пайдалану дайындығы паспортын алып жатыр.

ПИК-сіз өзін-өзі басқаратын көппәтерлі тұрғын үйлердің осы күнге дейін жүйелерді шаю және қысым сынағы жұмыстар жасалмағаны күрделі мәселе болып тұр.

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы пәтерлер иелеріне жылу маусымына дайындық актісін алу керектігі туралы бірнеше рет хабарланды, бірақ осы күнге тек 10 үйге «Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны» акционерлік қоғамында дайындық актісі алынды.

ПИК-сіз өзін өзі басқаратын көппәтерлі тұрғын үйлердің пәтер иелеріне жүйелерді шаю және қысым сынағы жұмыстарын жылу жүйелеріне қосу үшін дайындық актісін «ЖСЖК» АҚ (74-45-57) алу туралы ескертеміз.

Анықтама алу үшін «Жезқазған қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, 73-56-13 телефоны бойынша хабарласыңыздар.

**Алиса САҒЫМБАЕВА,**
**«Жезқазған қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ басшысы**

# ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫН АЛАДЫ

**Мемлекеттік «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасын жүзеге асыра отырып тұрғын үй алу кезегіне тіркелген қала тұрғындарының санын төмендету мақсатында Жезқазғанның Батыс ауданында инженерлік-коммуникация инфрақұрлымын дамыту қолға алынғаны белгілі. Бүгінде аталған аймақта төрт нысанның құрылысы жүргізілуде.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Батыс тұрғын ауданындағы екі кезектен тұратын 501 жер телімін құрайтын жеке меншік тұрғын үйлер құрылысына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын жүргізу 12.03.2018 жылы №ЭЦКос-0026/18 (электромен жабдықтауға), 14.03.2018 жылы № ЭЦКос-0029/18 (сумен жабдықтауға) экспертизаның оң қорытындысы алынды.

Жобаға 2019 жылы республикалық бюджеттен 495 059 мың теңге, облыстық бюджеттен 55006 мың теңге бөлінді. Оның ішінде электрмен жабдықтауға 335,665 млн теңге, сумен жабдықтауға 361,041 млн теңге қарастырылғанын айта өткен жөн.

Электр желілері құрлысының бас мердігері – «Строительная компания Орда-Құрылыс» ЖШС. Жобаның авторы – «Дала-Центр» ЖШС. Техникалық қадағалау жүргізу «КазНадзорГруп» ЖШС жүктелді. Келісім шартқа сәйкес құрылысты жүргізу 2019 жылдың мамыры мен желтоқсан айы аралығында жүзеге асады. Жалпы ұзындығы – 40,658 шақырымды құрайды. Соның ішінде: ВЛЗ-10 кв ұзындығы – 5,099 км, СИП-3 ұзындығы – 17,953 км, КЛ-10кВ ұзындығы - 0,63 км, кабельдік желі трассасының ұзындығы (АВБбШв) -2,361 км, аualық желінің ұзындығы (СИП-2) – 14,615 км. Республикалық бюджеттен бөлінген 239 689 мың теңге мен облыстан қарастырылған 26,632 мың теңгенің бүгінде 239 404,9 мың теңгесі толық игерілді. Барлық жұмыстары жұмыс кестесіне сәйкес жүргізілуде.

Батыс ауданды сумен жабдықтауға келер болсақ, жобаның жалпы құны – 361 041 мың теңге. Оның ішінде ҚМЖ – 281 933,097 мың теңге, авторлық қадағалауға – 711,054 мың теңге, техникалық қадағалауға 1 100, 000 мың теңге жұмсау жоспарланған. Жобаның бас мердігері – «СК-ТРИУМФ 2030» ЖШС, авторы – «Дала-Центр» ЖШС. «Казнадзор» ЖШС техникалық қадағалауды жүзеге асырады. Жалпы ұзындығы 17,5 шақырымды құрайтын су құбырларының құрылысы жыл соңында аяқталады деп жоспарлануда. Республикалық және облыстық қазынадан бөлінген қаржының 129 293,1 мың теңгесі игерілді.

Батыс тұрғын ауданындағы көп қабатты тұрғын үйлердің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту және жайластыру жұмыстары басталды. Атап айтқанда сумен жабдықтап, кәріз желілерін тарту, жылумен жабдықтау, байланыс жүйесін өткізіп, электрмен қамтамасыз ету жоспарланды. Жоба бойынша электрмен жабдықтау құрылысына – 146,2 млн теңге, қалған желілерге 357,7 млн теңге жұмсау көзделген. Осы мақсатқа 2019 жылы республикадан 358 005 мың теңге, облыстан 39779 мың теңге бөлінді. Сумен жабдықтау, кәріз тарту, жылумен жабдықтау, байланыс желісін тарту жобасының жалпы құны – 357 772,4 мың теңгені құрап отыр. Бас мердігер – «Наладочный центр Темиртау» ЖШС, жобаның авторы – «Дала-Центр» ЖШС. Техникалық қадағалауды «КазНадзорГруп» ЖШС жүргізеді. Үстіміздегі жылдың мамырында басталған жалпы аумағы 5441,2 м инженерлік желілердің құрылысы желтоқсанда аяқталады. Нәтижесінде Батыс ауданға 840,20 м жылу желісі, 2480 м байланыс желісі, 1259 м су құбырлары салынып, 862 м болатын кәріз желісі тартылады. Ағымдағы жылдың 3-қазаны жағдайына 6 899,7 мың теңге игеріліп, құрылыс жұмыстары кестеге сай жүргізілуде. Ауданды жарықпен қамтамасыз ету 146214,45 мың теңгені қажет етеді. Желі тарту жұмысын мамырда бастаған бас мердігер «Dike» ЖШС жұмыстарды желтоқсанда толық аяқтауға міндетті. Жобаның авторы – «Дала-Центр» ЖШС, техникалық қадағалауды «КазНадзорГруп» ЖШС жүзеге асырады. Ұзындығы 3500 м болатын электр желілері 840 пәтреді қамтиды деп жоспарлануда. Қазіргі таңда республикалық бюджеттен бөлінген 113 522 мың теңге мен облыстан қарастырылған 12 614 мың.теңгенің 101 380 мыңы игерілді.

**Гүлнәзия ТАДЖИЕВА,**
**Жезқазған қаласының құрылыс бөлімі басшысының міндетін атқарушы**

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ СӘУЛЕТ және ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БӨЛІМІ КӨРСЕТЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

«Жезқазған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің жылғы 28 маусымдағы 2019 жылғы № 453 бұйрығымен мемлекеттік қызметтерге өзгертулер енгізілгенін тұрғындар назарына ұсынады:

1) «Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау жөнінде анықтама беру»»,

2) «Құрылыс және қайта жаңарту (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну)»,

3) «Эскизді (эскиздік жобаны) келісу» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13610 болып тіркелген, 2016 жылғы 17 мамырда жарияланған).

«Тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертуге байланысты емес қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялауға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) шешім беру» мемлекеттік қызметі алынып тасталды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру www.egov.kz. «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен жүзеге асырылады.

«Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы «Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау жөнінде анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға болады.»,

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы «елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға рұқсат беру»мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетіледі.

Қызмет көрсету тәртібі, мерзімі, талап етілетін құжаттар тізбесі Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Стандарттар мәтіндерін «Жезқазған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ ресми сайтынан көре алады.

Барлық сұрақтар бойынша мемлекеттік қызметтерді көсетуге жауапты мамандарға хабарласуға болады.

**«Жезқазған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі мемлекеттік мекемесі» мемлекеттік қызмет көрсету тізіліміне сәйкес келесі мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:**

| Р/с № | Мемлекеттік қызметтің түрі | Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдардың атауы және (немесе) «электрондық үкіметтің» веб-порталы» | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауапты маманның Т.А.Ә. | Байланыс телефондары |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Құрылыс және қайта жаңарту (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну) | - "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz | электрондық (толық автоматтандырылған) | Ишанбаева Ж.А. – бас маман | 711326 |
| 2 | Эскизді (эскиздік жобаны) келісу | - "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz | электрондық (толық автоматтандырылған) | Ишанбаева Ж.А.- бас маман | 711326 |
| 3 | Қазақстан Республикасы аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау жөнінде анықтама беру | "Азаматтарға арналған үкімет "мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы); («Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесінде ақпарат болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінеді)» | электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде. | Смайлов М.Ш.- бас маман | 711326 |
| 4 | Елді-мекендерде жарнама орналастыруға рұқсат беру (көрнекі) жарнаманы | - сәулет және қала құрылысы бөлімі; | қағаз түрінде. | Смайлов М.Ш.- бас маман | 711326 |

**Ж.ИМАНБАЕВА «Жезқазған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ басшысының м.а**

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

# РУХАНИЯТТЫ ҚОЛДАУДЫҢ ЕРЕН ҮЛГІСІ

**Меценат Бекзат Алтынбеков ұйымдастырған «Тұлға» сыйлығын тапсыру бастамасы ел руханиятындағы соны қадам, ізгілікті іс ретінде бағалануда. Бұл – Тәуелсіз еліміздің өнері мен мәдениетінің, білімі мен рухани салаларының өркен жайып, дамуына серпін беретін шынайы жанашырлықтың жарқын үлгісі. Салтанатты шара аясында біз театр және кино өнерінде көрерменнің көңілінен шығып, ыстық ықыласқа бөленіп жүрген, күнде кездесе бермейтін екі актермен тілдесіп қалған едік. Олар – Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткерлері Қайрат КЕМАЛОВ пен Қонысбек БЕГАЙДАРОВ. Айтулы шара барысында тағайындалған қос тарланның атындағы сыйлық та өнер саласындағы іргелі жетістіктері мен кейіпкер образын сомдаудағы шеберлігімен танылған таланттарға тапсырылды.**





### *Сахнадағы жолым қиындықпен басталған*

**– Қайрат Кемалұлы, біз өзіңнің С.Сейфуллин атындағы Қарағанды театрында еңбек етіп, талай күрделі образдарды сомдағаныңды және кейінгі жылдарда кино әлемінде Керей хан болып жарқ етіп көрінгеніңді жақсы білеміз. Әңгімені киелі сахнаға келу жолыңнан бастасақ қайтеді?**

– Жалпы менің өнердегі жолымның өзі қызық. Бірден қиын дүниеге тап келемін. Тағдыр бірден мені отқа салып жібергендей, өнердің қиын жолына әкеп салады. Қиналасың, бірақ соның соңы жақсылыққа ұласады.

Алматы мемлекеттік консер-ваториясының театр факультетін бітірген 1978 жылы Қарағандыға келіп, С.Сейфуллин театрына актер болып орналасқан бетім. «Ақан серi-Ақтоқты» спектакліне дайындық жүріп жатыр екен. Бірден мені Ақанның рөліне қосалқы актер ретінде қосып жіберді. Енді қызықты қараңыз, премьера сахнаға шығар тұста негізгі ойнайтын артист ауырып қалсын. Ақан деген күрделі тұлға ғой, қаншама әндері бар. Сахнадағы жолымды жаңа бастаған маған өте қиын болды. Қинала жүріп рөлді ойдағыдай алып шықтым. Тәжірибе жинауыма оның үлкен пайдасы тиді. Бұдан кейінгі рөлдер маған аса мұндай қиын бола қойған жоқ

**– Енді «Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Алмас қылышта» Керей ханның рөліне келуіңнің сырын білсек дейміз. Тарихи кинотуындыдағы мұндай күрделі қадамға бармас бұрын үлкен дайындық керек екенін сеземіз. Негізінде бұрын киноға түскен кезің бар ма?**

– Бұрын киноға түспек түгілі, кинода ойнау туралы ойлаған да емеспін. Қалай екенін білмеймін, өзі театрда режиссерлар маған хандардың, батырлардың рөлін ұсынады. Осыдан барып тарихи қойылымдарда еркін ойнауға қалыптастым. Қазақ хандығы туралы үлкен сериал түсірілейін деп жатыр дегенді естідік. Бірақ, киноға түсу үш ұйықтасам ойымда жоқ. Кейінгі уақытта театр қойылымдарын жарнамалап, әлеуметтік желіге салатын бір үрдіс қалыптасты ғой. Содан көріп, құлақтанған болар деп ойлаймын. Бір күні «Қазақфильмнен» біреу хабарласып: «Сіз тарихи киноға түсуге кастингке келіңіз» дейді. Босқа барып әуре болам ба деп, бұған аса еліге қойғам жоқ. Анау қайта қоңырау шалып, режиссердің өзі келсін деп отыр дегенді айтып тықақтап болмады. Сонымен, көрмекке бекініп бардым. Режиссер Рүстем Әбдірашевтің де өз көздегені бар екен. Экранда бұрын бет-бейнелері көрінбеген, жаңа актерларды басты рөлдерге тартуды мақсат тұтыпты. Пробаға түстім. Бірден Керейдің рөліне бейімдеді. Қайта-қайта сынаққа түсуге тура келді. Бір айдан кейін комиссияның осы рөлге мені бекіткені мәлім болды. Киноға осылай келдім.

**– Қайрат бауырым, «Қазақ хандығындағы» Керей хан сенің кино өнеріндегі зор мүмкіндігіңді, тамаша қабілет-қарымыңды қалың жұртқа танытты. Кино туынды ел көңілінен шықты. Абырой биігіне көтерілдің. Алда киноға түсу туралы ой бар ма?**

– Бұл жерде режиссердің және онымен қатарласа еңбек еткен шығармашылық топтың мықтылығын айту керек. Түсіру барысында осыны айқын сезіндім. Өнерде жүрген соң, кино саласында көрінгенім теріс болмады деп білемін. Осыған орай, Халықаралық кинофестивалінде «Тұлпар-2017» бәй-гесінің лауреаты болдым. Туған өңірде «Алмас қылыштың» премьерасын өткізгенде елім ардақтап, Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы атағын берді. Жақсы ұсыныс болып, мүмкіндік келіп жатса кинода да күрделі образдар жасауға болады деп ойлаймын.

**– Ал, енді Қайреке мына өздеріңізді құрметті қонақ етіп, Жезқазғанда бұрын болмаған «Тұлға» сыйлығын тапсыру аясындағы салтанат туралы ой-пікіріңізді ортаға салып өтсеңіз?**

– Шындығы керек, талай той-томалақ, дүбірлі іс-шараларды көріп жүрміз ғой. Бүгінгі «Тұлға» сыйлығын тапсыру салтанатының мәні терең, жөні ерекше. Тура қазіргі таңда қазақ қоғамының руханиятына не қажет, ұлттың рухы не нәрсеге шөліркеп, мұқтаж болып отыр? Міне, көңілдегі осы сауалды тура тамыршыдай дөп баса алуымен, елге үлгі көрсетуімен бұл шара құнды болды. Елге шүлен тарататындай, Бекзаттың байлығы асып бара жатқан жоқ шығар. Бір кереметі, кәсіпкерлікті дүние жинауға, шылқып баюға емес, халқына қызмет етуге, руханиятымызға демеу болуға бағыттауымен азаматтың адал ниеті ашық көрінуде. Бүгінгідей аумалы-төкпелі кезеңде мұндай жанашырлық жасау әркімнің қолынан келмейді. Қазақ өнеріне, мәдениетіне, тұтастай руханиятына мұндай бастамалар ауадай қажет. Біз бүгін руханиятты қолдаудың керемет мысалын көріп отырмыз. Осындай елдік іс басқаларға да үлгі болса екен дейміз.

### *Көңілімдегі мәңгілік тұлға*

**– Құрметті Қоныс, Серке театрынан қанаттанған өзіңнің өнердегі жолың жезқазғандық көрермендерге етене таныс екеніне дау жоқ. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» қойылымымен Жезқазған театры 1992 жылы республикалық тетрлар фестивалінде Бас жүлдеге ие болды. Өзіңнің Қодар рөлімен айрықша көрініп, тамаша образбен танылғаның есімізде. Кейінгі уақытта Қостанай театрының даңқын шығарып жатқаныңды естіп жүрміз. Сахнада сомдап жүрген басты кейіпкерлерің кімдер?**

– Театр арқылы орыстанып кете жаздаған Қостанайда қазақ рухын көтеріп жүргенімізді мақтан тұтамын. Қазақтың соңғы ханы Кенесары ханды сахнаға шығардым. Бұл өзім ерекше жақсы көретін, көңілімдегі мәңгілік тұлға еді. Хан кененің образын ойдағыдай шығарып, халықты сүйсіндіре алсам, ол – мен үшін бақыт. Жезқазғанда жүргенде «Қозы Көрпеш-Баян сұлуда» Қодарды ойнасам, енді шамалы егде тартқан соң Қарабайдың рөлін сомдадым. И.Омаров атындағы Қостанай қазақ драма театрының қазіргі жетістіктері жаман емес. Республикалық фестивальдарда жақсы көрініп жүр. Мен өзім Қарабай рөлімен жүлделі болдым. Екінші жылы республикалық фестивальда Қалдан Серенді сомдап жүлдегер атандым. Соңғы кездегі бір ізденісім Хрущевтің рөліне арналды. Спектакльдің негізгі арқауы Жұмабек Тәшенев ағамыз жөнінде. Сол айтулы тұлғамыздың Никитамен арадағы тартысы туралы. Көпшілік жақсы біледі, қазақ жерінің тағдыры, шекара мәселесі сынға түскен шақ еді ғой ол.

**– Ал, енді мынау өнер адамдарына тағайындалған атаулы жүлденің бірі өзіңнің атыңда екен. Құтты болсын дейміз. Бұл шара туралы не айтасың?**

– Көзіміздің барында құрметтеп, Бекайдаров атындағы атаулы сыйлық деп әспеттегені үшін осы үлкен шараны ұйымдастырған Бекзат Қомарұлына алғысымды білдіремін. Біз арқылы өнерді құрметтеп жатыр. Жаңа Мұқаш ақын сахнадан айтты ғой, бір ауданның немесе қаланың атқаратын ісін бір адам ұйымдастырды деп. Осы пікір бәріміздің көңілімізде тұрғаны анық. Ел мүддесін ойлаған азаматқа рахмет, бекзат болмысты азаматтың өркені өсе берсін!

*Сұхбаттасқан*
**Амандық РАХҰЛЫ**

ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

# ТЕАТР ФЕСТИВАЛІ ШАҚЫРАДЫ

**Алдағы сейсенбі, 15 қазан күні Жезқазғанда Жанат Хаджиев атындағы III Халықаралық театрлар фестивалі жалауын көтергелі отыр. Биылғы фестиваль Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты, Серке театрының іргетасын қалаушылардың бірі, талантты режиссер Жанат Әубәкірұлының туғанына 70 жыл толуына арналады.**




Өнер сүйер қауым жақсы біледі, Жанат Хаджиев есімі негізінде С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған театрымен тығыз байланысты. Театрдың өткен тарихына сәл үңілер болсақ, 1972 жылы Мәскеудің М. С. Щепкин атындағы Жоғары театр училищесін бітірген 17 түлек тыңға түрен салғандай киелі өнердің қарашаңырағын бірге көтерген еді. Көптеген спектакльдерде негізгі рольдерді сомдап, актер болып еңбек еткен Жанат Алматы мемлекеттік театр-көркемсурет институтына оқуға барып, 1980 жылы режиссерлік факультетін бітіреді. Содан туған театрына қайта оралып, бас режиссер, көркемдік жетекшісі ретінде небір кесек қойылымдарды сахнаға шығарды, күрделі образдардың сомдалуына жол ашты. Оның спектакльдері республика театр өнеріне жаңалық әкелуімен ерекшеленіп, артында өнердегі өшпес мұрасын қалдырды.

Дәстүрлі фестивль биыл үшінші жыл қатарынан өткізілгелі отыр. Басты мақсат – ұлттық театр өнерінің рухын көтеру жолында ерекше еңбегімен танылған дарабоз талант иесі Ж.Хаджиевтің есімін жаңғыртып, ұлықтау және театр өнеріне сіңірген еңбегі мен режиссерлік шеберлігін насихаттай отырып кейінгі ұрпаққа үлгі ету. Өнер мерекесіне С.Қожамқұлов театрын қосқанда 8 театр қатыспақшы. Олардың арасында Өзбекстанның «Турон» мемлекеттік театр-студиясы, Тәжікстанның мемлекеттік жастар театры, А.Умуралиев атындағы Бішкек қалалық драма театры бар. Өз елімізден Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры, Шығыс Қазақстан облыстық драма театры, Семейдің Абай атындағы мемлекеттік қазақ музыкалық драма тетры және Х.Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры қатысады. Әр өнер ұжымдарының фестивальға арнап әкелген сүйекті қойылымдары бар.

Бес күнге созылатын Халықаралық театр фестивалі 19 қазан күні салтанатты марапаттау рәсімімен қорытындыланады. Бұл күні С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры Шыңғыс Айматовтың «Шыңғысханның ақ бұлты» эпикалық драмасын қояды. Режиссері – Теміржан Жанботаев. Өнер мерекесінің ортасында болайық, құрметті жезқазғандықтар!

*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ҮШТІЛДІЛІК – КЕМЕЛДІК БАСТАУЫ

# БІЛІМ КЕҢІСТІГІНДЕ ЕРКІН САМҒАУ ҮШІН

**Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев еліміздегі тілдердің үш тұғырлылығы туралы ойды алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассамблеясында айтқан болатын. Одан кейін 2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында Елбасы «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды ұсынды. Ал, 2015 жылы Мемлекет басшысының бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 79-қадамында білім беру жүйесінде ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңімен көшу міндеті алға қойылды. «Басты мақсаты – даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру». Міне, содан бері осы маңызды міндеттің өзектілігі жыл өткен сайын арта түсуде. Жасыратыны жоқ, әуелде үрке қараған жұртшылық үш тілді білімнің бүгінгі заманның қажеттілігі екенін қазір жете сезіне бастады.**



Тіл білу – байлық. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының абзал міндеті. Мемлекет бүгінде балаларымыздың қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеруге жағдай жасап жатыр. Біз орынсыз даурығып, «әрі тарт, бері тартқа» салынбай осы оң мүмкіндікті оңтайлы пайдаланғанымыз жөн. Біле-білсек, орыс және ағылшын тілдерін оқып үйрену – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, ғылымның құпия сырларына үңіліп, өз қабілетін жан-жақты танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Білім ұяларында жаратылыстану және математика пәндерін ағылшын тілінде оқытуға біртіндеп көшу – осы қажеттіліктен туындап отыр. Осы орайда Жезқазғанда не істеліп жатыр, Үштұғырлы тіл бағдарламасының орындалу барысы қалай? Осы сауалдарға жауап іздеп қалалық білім беру бөлімінде болған едік. Бүгінге дейінгі атқарылып жатқан істерге білім бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Әсел Жакеновамен әңгіме барысында қаныға түстік.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдері пән ретінде бұрыннан қолданылып келгені белгілі. Енді жаңа заман талабына сай оқу тіліне айналып келеді. Жезқазған мектептерінде жаратылыстану-математика бағытындағы 4 пәнді (биология, химия, физика, информатика) ағылшын тілінде оқыту қолға алынғанына биыл үшінші жыл. Әуелде 8-сыныптан басталған болатын, биыл сол балалар аталған пәнді ағылшын тілінде игеруді 10-сыныпта жалғастырып, төселіп қалған көрінеді. Бұл республикада қанат қаққан жобаға қаланың 6 мектебі қатысып отыр. Олар - №1, №7, №8, №26, №13 және №4 мектептер. Бұларда оқу жоспарының инварианттік бөлігі бойынша оқыту жүзеге асырылса, білім бөліміне қарасты қалған жалпы орта білім беретін мектептерде биология, химия, физика, информатика пәндері оқу жоспарының жылжымалы бөлігі бойынша, яғни вариативтік курстар бойынша оқытылуда. Келесі жылы бұл пәндерді ағылшынша оқыту 11-сыныпқа өткенде әрі қарай жалғастырыла береді.

– Жезқазған қаласы білім бөлімінің даму стратегиясының «Кәсіби біліктілік» бағыты бойынша жаратылыстану пәндерінің мұғалімдері ағылшын тілінде оқытуға байланысты арнайы 9 айлық курстан өтті. Нақтылап айтқанда, «Билингвалды пән мұғалімі» бағдарламасы бойынша 2017 жылы «USTAZ Professional Learning Centre» және «ASTANA School of Business and Technology» ЖШС-тері ұйымдастырған ағылшын тілінің біліктілік арттыру курсында 100 мұғалім оқыды. Оның ішінде 20 мұғалім физика пәні, 27 биология, 15 химия, 38 мұғалім информатика пәндері бойынша оқып, A1, A2 және B1 деңгейіндегі сертификаттарға ие болды. Оқушылар бұл пәндерді арнайы оқулықтар бойынша оқиды. Мәселен, өткен 2018-2019 оқу жылында 3 млн. 210 мың теңгеге «Астана-кітап» баспасынан шыққан 8-9 сыныптарға арналған 1449 дана билингвальды оқулықтар сатып алынған болатын. Осы үрдіс биыл да сәтімен жалғасып 10-сыныпқа арналған оқулықтар алынды. Оқушылар оқулықтармен 100% қамтамасыз етілген, – дейді әдістемелік кабинет меңгерушісі Әсел Айтқазықызы.

Көпшіліктің көңілін 9 айлық курстан өткен мұғалімдер ағылшын тілінде күрделі пәндер бойынша қаншалықты сапалы оқыта алады деген сауал да күпті етіп жүргені жасырын емес. Білім министрлігі бұл мәселені де ескере отырып, осы 4 пәннің ойдағыдай жүргізілуін қадағалайтын менторлар тағайындапты. Олар осында арнайы келіп бақылау жасаумен қатар әдістемелік көмек көрсетумен айналысады екен. Сонымен қатар, курста оқыған мұғалімдер әрі қарай білімдерін жетілдіру үшін каникул кезінде менторлық курстан өтіп, 75 ұстаз тағы қосымша сертификат алыпты. Бұл мұғалімдерді материалдық жағынан ынталандыру да ескерілген. Мысалы, 4 пәнді ағылшын тілінде беретін мұғалімдердің әрқайсысының айлық жалақысына қосымша 35 мың теңгеден үстеме ақы төленеді. Жезқазғандық мұғалімдердің іс-тәжірибесін тарату мақсатында үстіміздегі жылғы 25 сәуірде қаладағы №8 гимназия базасында «Үш тілді білім беру – заман талабы» тақырыбында облыстық семинар өткізілген. Оған Қарағанды, Балқаш, Қаражал, Сәтбаев қалаларымен қатар Жаңаарқа, Ұлытау аудандарынан биология, химия, физика, информатика пәндерінен беретін 90-ға жуық мұғалім және мектеп басшысының оқу-әдістемелік жөніндегі орынбасарлары қатысыпты. Қазір негізінен, үштілділікке байланысты ата-аналар тарапынан да көзқарастың оң бағытқа қарай өзгергені байқалады. Жақында бір ата-ана ҚарМУ-ге оқуға түскен баласының мектепте информатиканы ағылшынша оқуының арқасында қиналмай жүргенін алға тартқанын естідік. Информатиканы университетте де ағылшынша оқиды екен. Мұның өзі ағылшынға бет бұрудың негізі мектептен қалануының дұрыстығын көрсетсе керек.

Облыстық білім басқармасының бұйрығы негізінде үштілді білім беру жобасына енгізілген білім ұяларының бірі №13 жалпы білім беретін орта мектептегі оқыту жағдайы да осы ойымызды одан әрі бекіте түсті. Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасына сәйкес мектепте оқушылардың мемлекеттік тілді, қазақ тілімен қатар ресми тіл ретінде қолданылатын орыс тілін және әлемдік қауымдастыққа ойдағыдай кірігу құралы ретінде ағылшынды білуге ықпал ететін орта қалыптасқан. Оқу барысында үш тілді бір деңгейде еркін меңгеруге мән берілуде.

– Үштілділікке байланысты мектепте «Ізденіс» жобасы құрылған. Мақсатымыз – білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті, әлемдік ақпараттар мен ғылым құпияларына еркін шыға алатын, үш тілде сөйлеп, ойын еркін білдіре алатын тұлға қалыптастыру. Әсіресе, қазіргі жаһандану барысында ағылшын тілін білудің маңызы зор екені белгілі. Әл фараби бабамыз 70 тіл білген деген деректі оқыдым. Сыртқы елдің мәдениетін, әлемдік технология сырын біліп, жаңашылдықты игеру үшін тілді білу керек. Заман талабына және білім берудің қолға алынған жобасына сай мектебізде үштілділікті 8 ә- сыныбынан бастаған болатынбыз. Биыл 9-ға көшкен осы сыныпта одан әрі жалғасын табуда. Бұдан бөлек оқушылардың таңдауы бойынша ағылшын тілі оқытылады. Үш тілді білім беру жобасының аясында 9 мұғалім курстан өтті. Оқу жоспарының вариативтік бөлігі бойынша өткен және биылғы оқу жылында химия, физика, информатика пәндерінен 9 қолданбалы курстар жазылды. Химия, физика, информатика пәндерінен терминдер ағылшыншаның алғашқы бастамасы бойынша оқытылуда. Оқушылар пән ерекшелігіне байланысты терминдермен жұмысты және сабақтағы екі тапсырманы ағылшын тілінде жасап, қорғайды. Сабақтың 50%-ы ағылшын тілінде жүргізілуде. Қазіргі таңда 9 ә-сыныбының тілді меңгеру көрсеткіші 53%-ды құрап отыр, – дейді №13 жалпы орта білім беретін мектеп директоры Үмітжан Жасынбекова.

Пәнді оқытуда мұғалімдерге Елордадан келген ментор Ерболат Аблеметов айтарлықтай әдістемелік көмек көрсетіпті. Мұғалімдер қазір өз пәндері бойынша әдістемелік материалдар жасауға дағдыланды. Бұл енді қанатқақты жобаға байланысты игі шаралар. Сонымен қатар, қазіргі білім стандарты бойынша мектепте ағылшын тілі 1-сыныптан бастап оқытылуда. Аптасына екі сағат. Директордың айтуынша, бүлдіршіндердің қызығушылығы жақсы көрінеді.

Иә, қай дәуірде болмасын, көп тілді меңгерген халықтың бәсі жоғары болған. Озық елдер қатарына еніп, өскелең заман көшіне ілесуде бұл қадамның маңызы зор болмақ. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей, ағылшынша меңгеру ана тілімізге көлеңкесін түсірмесе болыпты. Тұңғыш Президентіміз бұл туралы кезінде: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді», – деген болатын. Үштұғырлы тілді енгізу барысында біз осы басты ұстанымнан айнымауға тиіспіз.

*Бет материалдарын әзірлеген*
**Амандық РАХҰЛЫ**

# АҚЫНЖАНДЫ ӘБЕКЕҢ

**Биыл Жезқазғандағы «Дидар» телеарнасының құрылғанына 60 жыл толып отыр. Телеарна басшылығы мерейтой қарсаңында арнайы жинақ шығармақ. Ол жинаққа телеарнаның қалыптасуы мен дамуына өз үлесін қосқан ардагерлер, әр жылдары еңбек еткен шығармашылық және техникалық қызметкерлер жайлы жазылған естеліктер енбек. Телеарна майталмандары туралы естеліктердің бірқатарын оқырман назарына ұсынбақпыз. Олардың алғашқысы – Жезқазған теледидар студиясының бас редакторы қызметін оншақты жыл атқарған Әбілқасен Әміралин.**

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары Қарсақбайдың даңқы Кеңес елінің түпкір-түпкірінен асып, әлем шарлап жүрген шағында Жезқазған аудандық «Қызыл кеншi» газетінің редакторы қызметін халқымыздың атақты ақыны Әбділда Тәжібаевтан қабылдаған, Ұлытау ауданы құрылғанда Қазақстан компартиясы Ұлытау аудандық комитетінің идеология жөніндегі алғашқы хатшысы лауазымына тағайындалған, зейнеткерлікке шығар алдында Жезқазған теледидар студиясының бас редакторы қызметін он шақты жыл атқарған Әбілқасен Әміралин ағамыз жайлы бірден желпініп әңгімелеп кету де, жеріне жеткізе қағаз бетіне түсіре қою да қиынның қиыны.

Әбекең әріптестері мен туысқандарына – жалпы әркімге жайдарылығымен жылы да жақын, өзімен таныс-біліс әр адамды мін табылмас мінезімен баурап өткен ерекше азамат еді. Сонымен қатар, ол қарымды қаламгер қатарында саналғанмен, жалыны жарқылдап, асып-тасып жүрмейтіндіктен, бірде елеусіз жандай қарапайым тартып, бірде теңіздей терең тылсымы көп сырлы өнер иесіндей көрінетін.

Әбекең зейнеткерлікке шығысымен, бірер жыл ішінде «Арқада туған алып» атты кітап жазып шығып, өзінің осы сындарлы қырымен жарқ етіп көрінді. Ағамыздың бұл еңбегіне, онымен қызметтес болған қауым ғана емес, бүкіл Ұлытау-Жезқазған елі қуанды. Арқа төскейіндегі қазақ өнеркәсібінің алғашқы қарлығашы, кейін заңды түрде «қарашаңырақ» атанған Қарсақбай мыс қорыту зауыты мен Жезқазған кен орынын игеру барысы жайындағы бұл туынды халқымыздың басынан өткен жаңа бір дәуірдің шынайы шежіресіндей бағалы еді. Қазір ол кітап қолға түспес құнды шығармалар тізімінде жүр.

«Арқада туған алып» кітабы көптеген оқырмандар үшін Үлкен Жезқазған кен ошағын игеруге қатысқан, атсалысқан еңбек ардагерлері жайлы деректерімен бағалы болса, қаламгерлер үшін Әбекеңнің сол оқиғалар барысы мен адамдардың қажыр-қайратын суреттеу әдісі, сөз саптасы, ақындық толғанысы қымбат. Шындығында, шығарма қара сөзбен жазылғанмен, оның өне бойында ақ өлеңге ұқсас шабыт шалқымасындай ақтарылатын толғаулар жиі кездеседі. Бұл кітаптан біз, әріптестері, Әбекеңнің мінезінен де байқалатын, қалам сілтесінен де аңғарылатын ақынжандылығын тағы бір көргендей болған едік.

Дегенмен, ол кезде жаңа туынды үшін Әбекеңнің өзімен бірге қуанып, өзімен бірге үлкен бір істі тындырғандай күй кешуден әрі аса алмаған екенбіз. Қазір зер сала қарасақ, сол туған ел тағдырында өтіп жатқан алмағайып оқиғалардың бел ортасында Әбекеңнің өзі де жүрді ғой. Халқымыздың зиялы азаматтары бас болып, жаңа дәуір қабырғасын аласапырандар астында қалаған қаһармандық еңбек тасқыны ішінде Әбекеңнің өзі де елеулі-елеулі іздерін қалдырды. Мына кітап – сол соқпақтардың соңғы бір даңғылындай жарқылдайды.

Оның алдындағы Әбекеңнің өміріне көз салсақ та, шын тарланның тайпаң жорғасындай талай тамаша істердің іздерін аңғарар едік. Ең бастысы, Әбекең рухани майдан қызметкері болып өтті. Шындығына келсек, қарапайым қара халықтың теңдікке қолын жеткізіп: «Мына жас мемлекеттің иесі де, киесі де өздеріңсіңдер. Оның шаруасын шалқытып, атақ-даңқын асыру тек өз қолдарыңда. Ендеше сендерге аянатын ештеңе қалған жоқ. Бар қажыр-қайратыңды жұмса! Отаныңның ілгері ел қатарына қосылуына жаныңды сал!», – деп, ұлы көштің алдына ұрандап шығу көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың ғана қолдарынан келді. Әбекең де сонау Ахмет, Мағжан, Сәкен сынды көшбасшылардың соңына ілесе шыққан шайырғал шамшырақтар қатарында болды. Халық басына ауыр салмақ түсірген Ұлы Отан соғысы кезінде де зиялы қауым өкілдерінің дауыстары жауға қарай атылған зеңбіректер дүмінен кем емес еді. Әбекең басқарып отырған «Қызыл кенші» үнпарақтары тап сол кезде Жезқазғанның мысы мен Жездінің марганеціне теңелетіндей рухани өнім болатын.

Бір тамашасы, Ұлы Отан соғысында кеңес әскерлері жаудың бетін қайтарып, кейін шегіндіре бастаған 1943-1944 жылдары бүкіл Қазақстан облыстарында ақындар айтыстары өткізілді. Бұл бастаманы Қарағанды облысы бірінші болып көтерген еді. Сол айтыстардың бірі – қарсақбайлық Болман ақын мен балқаштық Шашубай ақынның айтысы. Бұл айтысты ұйымдастырып, өткізуге Әбілқасен Әміралин ағамыз белсене қатысқан. Ол кездегі айтыс, ақындардың саяси шеңберден шығып кетпеуін ойластырып жасалатындықтан, айтыстар мәтіндері алдын ала жазылып қойылатын. Ал, қолма-қол суырып салуға дағдыланған айтыс ақыны өз айтысын күні бұрын жазып қоюға орашалақ келеді. Сондықтан ақындар айтысының негізін жазба ақындар немесе өлең-жырдың табиғатымен жақсы таныс қаламгерлер жазып беретін. Болманға тікелей көмектескен Әбекеңнің ақындығы осы айтыстан байқалатыны сөзсіз. Мәселен,

«Мен-дағы асу бермес асудаймын,
Желіксем бір ер таңға басылмаймын.
Барында Жезқазғаным жеңілмеспін,
Келсе де сексен сегіз Шашубайың!» немесе
«Болғанда үзігі – алтын, түндігі – мыс,
Уығы, керегесі – әппақ күміс,
Қазығы қорғасыннан алып үйін
Жабылып қозғай алмас Батыс, Шығыс», – деген жолдар Әбекеңнің шабытынан туғандай көрінеді.

Алпысыншы жылдар соңында Жезқазған теледидар студиясының бастамасымен, сірә, КСРО құрылуының 50 жылдығы қарсаңында болар, Оңтүстік Жезқазған кеніші мен Солтүстік Жезқазған кеніші ақындарының және Қарсақбай мыс қорыту зауыты мен Жезді марганец басқармасы ақындарының телевизиялық айтыстары өткізілді. Екі айтысты да, теледидарға шықпастан бұрын, Жезқазған кеншілер сарайы мен Жезді мәдениет үйінде айтыс кештері ретінде кеншілердің тамашалауына мүмкіндік берілді.

Оңтүстік Жезқазған кенішінің ақыны сол кеніш қызметкері, кен инженері, бұрынырақ Жезқазған кен-металлургия комбинаты комсомол ұйымының жетекшісі қызметін атқарған ақын, әнші Иран Ильяшев, Солтүстік Жезқазған кенішінің ақыны Жезқазған теледидар студиясы редакторларының бірі, әріптестері арасында ақындық дарынымен ерекшеленетін Мәлік Алтыруов ағамыз болған еді. Бұл айтыс толғауларын негізінен екі ақынның өздері жазып шықты. Бұдан соң айтыстың толық нұсқасын Әбекең өзі қарап, саралады. Осы сараптау барысында бас редактор да, ертеректе облыстық айтысты өткізу кезіндегі машығымен, кеншілер жайлы айтысқа өз тарапынан талай шұрайлы жолдар қосқанын білеміз. Қарсақбай металлургтері мен Жезді кеншілерін елемей кету мүмкін бе, екінші телевизиялық айтысымыз осы екі ерен еңбек иелері ұжымдарын дәріптеуге арналды. Айтыс мәтінін әзірлеуге теледидар қызметкерлерінің өлең жазуға қыры бар барлық тіл мамандары қатысты.

Осы күні қарап отырсақ, сол уақытта телевизиялық айтыс өткізу – аса бір ауыр жұмыс екен-ау. Қазіргідей қолға ұстап жүретін бейнекамералар жоқ. Студиямызда кейін пайда болған көшпелі телестудия жабдығы әлі келмеген. Студияның хабарлар көрсетілетін бөлмесіне 10-15 адамнан артық адам симайды. Көрермен көпшілікті былай қойғанда, айтыста жырланатын барлық кейіпкерлерді бұл жерге жинау мүмкін емес. Сондықтан кәдімгі қазақ түсінігіндегі ақындар айтысының бар ажар-алауына жуықтауға тырысудың өзі оңай болған жоқ. Кәсіпорындар көріністерін 16 милиметрлік кинотаспаға, еңбек майталмандарын суретке түсіріп әкеліп, студия төрінде екі сал-сері тобын ертіп келіп, айтысқа кіріскен ақындар жыры кезінде сол суреттегі көріністерді көрсетіп отырумен шектелдік.

Оның есесіне сол айтыстардың мәдениет сарайларында өткен нұсқалары Жезқазған мен Жезді елдері өміріндегі елеулі оқиғалардай есте қалды. Ал, олардың теледидар арқылы көрсетілген нұсқаларына аймақ көрермендерінің баршасы риза болды деп ойлаймын.

Бұл, әрине, Әбілқасен ағамыздың Жезқазған теледидар студиясы қызметіне қосқан үлкен қолтаңбаларының бірі ғана екені даусыз. Бір тамашасы, Әбекең іс басында жүргенде зіркілдеп, алдымызды орап, қыр көрсетіп, қарамағындағыларды қуыра беруден аулақ болатын. Ол кісі бізді сол істің басты бастамашыларындай жұмылдырып қоятын да, өзі, бейне біздің бастамамыздың тек қолдаушысындай, құптап, қолдау көрсетумен, көмектесумен айналысатын. Егер Әбекеңнің қолдауы болмаса, біз сондай аса жетімсіз жағдайда толыққанды спектакльдер де қоя алмайтын едік. Енді ойлап отырсам, сезімтал Әбекеңнің ел басқару тәсілі тіптен ерек екен ғой.

Мен Сәкен Сейфуллин ұнатып кеткен халық әні «Әупілдекті» Әбекеңнің орындауында естігенде ағамыздың бойында бізге кеңінен айта бермейтін көптеген қырлары мен сырлары жатқанын аңғарған едім. Бірақ, күнделікті күйбеңмен жүріп, әркімге жаны жақын ағамен кеңінен кездесіп, сұхбаттасу сәті туа қоймады. Мені ағаның Мархаба жеңгемізбен өткерген жарасымды тұрмысының бастауы



да қызықтырушы еді, ақынжанды ағамыздың қолжазбаларын да оқығым келетін. Біз Әбекеңнің туған інісінің ордалы отбасына деген аса ыстық сүйіспеншілігін де көріп жүретінбіз. Оның биязы мінезі көрік беріп тұрған адамгершілігі мол, кең жүректі абзал азаматтық тұлғасы талай жасқа үлгі-өнеге мектебіндей болғаны аян. Әбекеңді жақсы білетін көпшіліктің сый-құрметі Асқар Ермекбаев сынды бауырымыздың бойынан жаңғырып, ағамыздың асыл бейнесін ел есінде қалдыру бағытында атқарған істеріне бәріміз шын ниетімізбен қуанамыз.

Жезқазған теледидар студиясының ұжымы қала өмірінде ғана емес, жалпы Ұлытау-Жезқазған өңірінің жұртшылығы үшін аянбай еңбек ете жүріп, шығармашылық ізденістерімен танылды, оның көптеген қызметкерлері өлке зиялы қауымының қатарына қысылмай қосылды. Осы жетістіктердің бір ұшы сонау жалынды қаламгер, мәдени-бұқаралық жұмыс істерінің қажырлы қайраткері, өлкеміздегі көптеген тіл ұстартқан мамандардың ұстазы Әбілқасен Әміралин шайырдың еселі еңбегінде жатқаны анық.

**Аманжол ҮСЕНТЕГІ,**
**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі**

***Аманжол Мекебайұлы Үсенов 1939 жылы Жаңаарқа ауданында туған. 1964 жылдан 1986 жылға дейін Жезқазған теледидар студиясында режиссер, редактор, бас режиссер қызметтерін атқарған. Одан кейін Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» /Сарыарқа/ газетінде тілші, жауапты хатшының орынбасары, қалалық «Сарыарқа» газетінде жауапты хатшы қызметтерінде бола жүріп, зейнеткерлікке 2002 жылы шыққан. Бұдан соң «Мысты өңір» газетінде 2010 жылға дейін еңбек етті.***

## ТАҒЛЫМ

**Сары далада сансыз ұрпақ ғұмыр кешті, тірлік етті, өмірден өтті. Соның бәрінің бірдей есімдері анық, мәңгілік мекенжайы белгілі, іздері сайрап жатыр ма? Жоқ, әрине. Ақын Төлеген Айбергеновтің сөзімен айтқанда, ғұлама жылдар парағын судырлатқанда іздері көмескіленіп топыраққа айналып кеткені рас қой. Жер астына шөгіп кеткен қалалар қаншама? Дегенмен, бүгінде өткенін өнеге тұтатын, жоғалғанын тапқанша тыныштық таппайтын, қисайғанды түзейтін, бүлінгенді бүтіндейтін жаңа ұрпақ өсіп жетілді.**



# ШАҚЫРАДЫ БИІККЕ БАБАЛАРДЫҢ РУХЫ



Жезқазған-Сексеуіл теміржолымен әрлі-берлі өткен жолаушылардың Құмола тұсынан өте бергенде биік төбенің басындағы жаңа кейіпте бой көтергеніне соншалықты көп уақыт өте қоймаған еңселі кесенеге көздері түспеуі мүмкін емес. Әрине, содан соң «Бұл кімнің құрметіне орнатылды екен?» дейтін сұрақтың туындайтыны да түсінікті.

Ел бастаған ерлер қай заманда да халқының ертеңін ойлаумен болған. Қазақтың «Алдағы үш жылдығын ойламаған еркектен без» дейтіні де сондықтан болса керек. «Жіңішкіленген заң бар ма, Руссияның заңындай» деп Шортанбай жыраулар неге қамықты? Өйткені, орыс патшалығы қазақ жеріне ашық соғыс жариялаған жоқ. Өз мүддесін көздеген заңдар мен Ережелер ойластыру арқылы ел басқарудың ғасырлар бойы қалыптасқан жүйесін бұзды, мұнымен де қоймай шұрайлы жерімізге ауыз салып, қазақты атамекен, атақонысынан ығыстыра бастады. Сондай дүбірдің дабысын естіп, заманның беталысын аңғарған, тықырдың таянғанын сезген ел ағалары жұртына жайлы қоныс қарастыра бастады. Солардың бірі – Саркөттің Бектұрғаны болатын. Ал, ол кім еді? Мұны бағамдау үшін 1864 жылғы 15-25 маусым аралығында өткен Сарыторғай сезін еске алғанымыз жөн. Бұл съез қазақ тарихына «Қырдағы құрылтай» деген атаумен де енген. Құрылтайға 189 адам қатысқан болса, соның 33-і Бағаналы -Найман елінің өкілі десек, осының 7-еуі Ибеске, Жұртшы болысынан барған. Сол жетеудің бірі – Ибескенің Аманғұлынан тарайтын Бектұрған Саркөтұлы болған. Міне, осыдан-ақ, бұл кісінің ел арасындағы алатын орны, абырой-беделі айтпай -ақ байқалмай ма? Өйткені, екінің бірі күллі халықтың ертеңін сөз еткен, талқылаған ұлы жиынға ел атынан өкіл болып қатыса ала ма? Ал, «Қырдағы құрылтайдың» қандай мәселелерді қарап, қандай ұйғарымдарға пәтуаласқанын білгіңіз келсе, Қуаныш Ахметовтің «Ұлы даланың Ұлытауы» атты еңбегінің екінші кітабын қайыра бір оқып шықсаңыз болады.

1822 жылы патшаның «Сібір қырғыздарын орналастыру» туралы деген Жарлығы шығады. Бұған сәйкес ішкі Ресейден көшірілген қоныстанушылар сулы-нулы жерлерге келіп, егіншілікпен айналысып, ал, мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар соған ыңғайлы жаңа жерлерге қоныстанулары тиіс болды. Шортанбай бабаларымыздың «жіңішкеленген заң» дейтіні осы. Өйткені, бәрі бір қарағанда ақылға қонымды. ешкім ешкімге өкпе арта алмайтындай амал. «Бәріміз де бір Ресейдің еліміз, сондықтан, жерді тиімді пайдалана білу керек». Жарлықтың бетпердесі осындай. Ал, ішкі мәні – қазақты тұрғылықты атақонысынан айыру. «Іш қазандай қайнайды, Күресуге дәрмен жоқ». Бірақ, елді аздыруға, тоздыруға болмайды. Торғай, Есіл өзендерінің бойын жайлаған елдің де күндердің күнінде орнынан қозғалуға мәжбүр болатынын бағамдаған Бектұрған Саркөтұлы жаңа жер, жайлы қоныс іздеп жолға шығады. Бұл шамамен 1824-1830 жылдар болса керек. Патшаның әлгіндей Жарлығы шыққаннан кейін қам жасау керек болғаны түсінікті ғой. Әрине, Бектұрған жолға жалғыз шықпайды. Ол кісімен бірге Тұңғышбай Таймасұлы, Алтынбай Жамантиқұлы деген кісілер де бірге болған. Ескікөздердің сөзіне қарағанда, қазіргі Қарсақбай кентінің маңына тақау жердегі Тұңғышбай сайы мен Алтынбайқазған деп аталатын құдық орны сол уақыттан қалған бір белгі, із іспетті. Құмола өзені мен оған құятын Керегетас өзенін бойлап, келешекте керек болатын қонысқа лайықты санайды. Бірақ, бүгін көріп, ертеңіне көшіп бара қоятындай қазіргі заманғы жылдамдық жоқтығын ескергендіктен олар әр жер-әр жерге бума қамыстан белгі қойып кетеді. Мұны не үшін істеген дейсіз ғой? Бұл кейін «оу, мынау біздің жеріміз» деп дауласа қалса, «жоқ, ағайын, бұл жерде біздің қалдырған белгіміз бар, сондықтан, бұл жерге таласыңыз болмасын» деп айту үшін, дәлел ретінде жасалған амал болатын. Шынында да, кейін Ибескенің Аманғұлдары келіп қоныстана бастағанда, кәдімгідей жер таласы өршіп кете жаздағанда Бектұрған Саркөтұлы өзінің бұрынырақта келіп, белгі ретінде қалдырып кеткен бума-бума қамыстарын куәлікке тартқан. Ол уақыттың адамдары ақиқатқа көздері жетсе, дауды одан әрі соза бермеген. Сөйтіп, Ибескенің Аманғұл аталығы осы Құмола, бұрынғылар Қожамжар атаған өңірге келіп қоныстана бастайды. Бектұрған Саркөтұлының өзі Керегетас өзенінің бойын көңіліне қош көрсе, Аманғұлдың Бұлбай, Әмір аталығы қазіргі Қарсақбай кентінің тұрған жерін қоныстанады. Кейін олардың ұрпақтары әлдебір себептермен Құмола өзенінің басқа жақтарына қоныс өзгертеді.

Елін жаңа жерге әкеліп қоныстандырған Бектұрған Саркөтұлы 1865-1866 жылдары өмірден озады. Әрине, халқы қадірменді перзентін, алтын тонның жағасындай ардақтысын арулап жерлегенде, оның мәңгілік жайына орын қарастырғанда да, жүз ойланып, мың толғанғаны хақ. Ақыры, айналасы жазық болып келетін биік төбенің басына қоюды жөн санағаны байқалады. Меніңше, сол тұстағы ел ағалары өте дұрыс істеген. Өйткені, жайпау жерге қойылса, оны кейін су шайып та кетуі мүмкін. Биіктің аты биік, әрі-бері өткен жүргіншінің көзіне де жақсы шалынады. Әрине, халықтың алдында жүрген аты жұртқа тараған азаматқа ол дүниеден өткесін басына кесене тұрғызу қазір де бар, кеше де болған. Бектұрған Саркөтұлынының жамбасы тиетін жерді биіктен іздегендегі бір себеп те сол кесенеге байланысты болса керек. Өйткені, басына кесене тұрғызылса, төбе басындағы кесенені байқаған адам алыстан болса да, бетін бір сипап өтсе, соның өзі үлкен сауап емес пе? Бектұрған қайтқан соң көп кешікпей оның інісі Байтуған да өмірден озады. Ел оны ағасының жанына апарып жерлейді. 1867 жылы екеуіне арналып үлкен кесене салынады.

– Кесенені салуға Байтуғанның баласы Таубай деген әкеміз басшылық жасаған екен. Ал, кесенені салған шебер Сералы қожа Еламанұлы деген дерек бар. Бұл шебер біздің осы Жезқазған – Ұлытау өлкесіне өте танымал ұста, шебер адам болған. Өйткені, ол атақты Сандыбайдың Дүзенінің кесенін салған адам. Кесене біткен соң, Таубай әкеміз арнайы Бұхарға сапарлап барып, көктас алып келіп қойған. «Байтуғанның тасы. Бұхара-Шарифтен әкелген Таубай атты баласы» деген жазуы бар бұл көктас бүгінге дейін сақталған, – дейді өңір тарихын жақсы білетін өлкетанушы Тоңболат Мұханұлы.

Бұл көктасты біз де көзімізбен көрдік. Қалайша? Қашан?

Тәуелсіздік ұлттық құндылықтармен қайта табыстырып, солған тамырларға қайтадан қан жүгіртті. 1994 жылы Аманғұл ата ұрпақтары да Құмола өзенінің Керегетас өзенімен тоқайласар тұсындағы жазық алаңға аққанат киіз үйлер тігіп ата-бабалар рухын еске алып ас берді, шежіре кітабы шығарылды. Арада 20 жыл өткен соң, 2014 жылы тағы да сол жерде бастары қосылған Аманғұл ата балалары Бектұрған, Байтуғанның кесенесін қайтадан тұрғызу туралы алғаш рет сөз етті. Бұл ұсынысты қолдағандар да, қарсы болғандар да болмай қалған жоқ. Қалай болғанда да кесенені сақтап қалу керек еді. Ақырында, жылдар желімен кей жері кетілген, опырылған кесененің бір кесегін қозғамай-ақ, сыртынан қоршап, жаңалап кесене салу туралы ой ең дұрыс шешім ретінде қабылданды.

– Сөйтіп, биылғы мамыр айында осы істі бастадық. Әрине, көп жұмылмаса іс бітпейді. Сондықтан, осы істің басы-қасында жүргендіктен кесенені қайтадан жаңалау ісіне барынша атсалысқан істі бастап, нүктесін қойғанша бейнелеп айтқанда, көз ілмеген Серік Жарлығапұлы Таубай немересіне, құрылыс жұмысына өте зор еңбегі сіңген, аймаққа танымал кәсіпкер Ернар Мақпұлына және Бектемір Тақайұлы, Абай Елубайұлы, Нұрлан Тұрсынұлы, Нұрлан Мұсылманбекұлы, Айтжан Әлмағанбетұлы, Берік Жарлығапұлы бауырларыма шынайы алғысымды білдіргім келеді. Өз елі Сапақ болғанмен, қайынжұрты Аманғұл болып келетін Хасен есімді азаматқа айрықша ризамын. Құрылыс, соның ішінде кесене құрылысы өте қатты шеберлікті, дәлдікті қажет етеді. Екінің бірінің кесене құрылысын жүргізуге жүрегі дауалай қоймайды. Сондықтан, бұл орайда өзінің асқан шеберлігін таныта білген Сағат Оразбайұлы Хасеновтің атына қандай мақтау, мадақ айтсақ та жарасымды! Көктемде басталған шаруамыз жылы күздің басында сәтімен орындалып, көңіліміз орнына түсіп тұр, – деген Тоңболат аға бізді кесененің ішіне кіруге шақырған. Енді оған жауын-шашыннан еш қауіп жоқ. «Бұрынғы кесене қандай болды екен?» деген қызығушылық танытатындар болса, ішке еніп, көрулеріне әбден-ақ болады. «Кесенені бұзуға болмайды, қайтадан салу дұрыс емес» деп қарсылық танытқандар да қабылданған шешімнің оңтайлы болып шыққандарына көздерін жеткізер еді. Кесене ішінде Бектұрған мен Байтуғанның қабірлері қатар жатыр. Әлгінде сөз болған көктасты да осында көрдік.

Жалпы кесененің айналасы үлкен қорым көрінеді. Әрине, мұндағы жатқандардың бәрінің бірдей аты-жөндерін анықтау мүмкін де емес. Дегенмен, ізденістің нәтижесінде Таймас балалары Жанысбай және Тұңғышбайдың Бектұрғаны, Байтуған кесенесінің қасына жерленгені анықталды. Олар XIX ғасырдың 70-жылдары дүниеден өткенге ұқсайды. Қазір Ернар Ахметов осы бабаларының басына үлкен құлпытас орнатыпты. «Аруақ қадірлеген азбайды» дейді бабаларымыз! Ернарды бабалар аруағы әрдайым қолдай жүрсін!

«Біздің тарих бұл да бір қалың тарих, Оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы» деп кеңес заманында ақын Қадыр айтқандай, өз тарихымызды өзімізден жасырған күндерді де көрдік. Мынау дала – тұнып тұрған тарих. Тек Аманғұл атамыздан тарайтын ұрпақтарға қатыстығана 60 -тан аса қыстаулар бар осы өңірде.Ол тарих емес пе? Оларды өткен күннің жәдігері емес деуге ауыз бара ма? Ноғайбай әжі мешіті, Қашарбай әулиенің тамы... т.т. Кешегі заманда жоқ десек те, қазір олай айтуға болмайды, – деген Тоңболат Мұханұлынан көңіліндегі сөзін таратыңқырап айтуды сұрадық.

– Кейде кейбір жігіттер оңды-солды «Тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» деп сөйлей береді, жаза салады, әңгіме қозғайды. Сондай жөнсіздіктерге жүрегім ауырады, жаным қиналады. Мен осы кесене басталғалы қалтамнан бір газеттің қиындысын тастамай жүрмін. Мінеки, өзің де көр, – деген ол қалтасынан «Мысты өңір» газетінің 2017 жылғы 17 ақпандағы шығарылымында жарияланған «Парасаттылық пайымы» деген мақаланы ұсынды. Авторы Тоғанбай Құлманов екен.

– Тоғанбай інім мұнда қисынсыз әңгіме айтады. «Ата-бабаларымыздың қыстаулары түгілі, рухына Құран бағыштайтын бейіттері де жоқ екен» деген мағынада сөз айтып, айды аспанға бір-ақ шығарыпты. Сонда әлгінде мен айтқан жәдігерлер ше? Оларды Тоғанбайдың осы мақаласы шыққаннан кейін орнатпаған шығармыз, бұрыннан бар дүниелер ғой олар. Тоғанбай мұны өзі білмесе білмейтін шығар, бірақ, басқамыз білеміз ғой. Әлгі мақаланың ең сорақы жері бұл да емес. Ол мақалада одан әрі жаңағыдай ештеңе жоқ болғандықтан, соның орнын толтыру мақсатында 2014 жылы Құмола өзенінің бойындағы атамекенде Аманғұл бабамызға ескерткіш белгі орнатқанын жазады. Сол ескерткіштің ашылу салтанатында толы көптің алдында сөйлеген сөзінде сол Тоғанбай Құлманов інім ескерткіш-белгінің не себепті сол жерге орнатылғанын да түсіндіріп берген болатын. Сол сөзінде ол не деп еді? Егер ұмытып қалса, есіне салғаным дұрыс шығар, ол сонда «Кешегі Жошы ханның құлан теуіп өлтірген баласының бармағы нақ осы төбенің басына көмілген деген аңыз бар» деген еді. Ескерткіш – белгінің нақ сол жерге орнатылуына әлгі аңызды өзіндік себеп ретінде айтқан болатын. Сонда өз-өзінен «Ескерткіш-белгі Аманғұл бабаның рухына орнатылған ба, жоқ, әлде, Жошы ханның болған-болмағаны беймәлім немересінің құрметіне орнатылды ма?» деген сұрақ туындайды. Сондықтан, кешегі күннің тарихын сөз еткенде барынша байсалды болуға тиіспіз, – деген Тоңболат Мұханұлының сөзі ден қоярлықтай естілді. Өйткені, бірді бірге соға беретін «оқымыстылар» қатары көбейіп бара жатқаны да жасырын емес. Ал, мұны бізге бабалар рухы кешіре ме, жоқ па?

...Кең даланың төсінде, биік төбенің басында ақ кірпіштен қаланған, биіктігі 13 метрден асатын кесене көзге анадайдан шалынады. Зеңгір көкпен таласқандай биіктік... Бабалар рухы бізге зеңгір көктің биігінен қарап тұрған тәрізді. Қым-қуыт тіршіліктің бірде бар, бірде жоқ күрмеуін тарқата қою оңайға соқпайды. Бірақ, соған бола төменшік тартып, жүнжіп кетуге қақымыз жоқ. Өйткені, бабаларымыз бізге биікке қарап өсуді үйреткен! Өздері де биікте жатыр. Рухтары одан да биікте!

**Абдолла ДАСТАНОВ**

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

# АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ, БҰЛАҚТЫҢ ТҰНЫҒЫ ЕДІ

**Ішкі істер қызметінің ардагері Елтінді Айранбаев ақсақал от ауызды, орақ тілді кісі, қара сөздің де, мақал-мәтелдің де шешені еді. Биыл марқұмның қайтқанына 20 жыл толуы қарсаңында рухы риза болсын деп естелік жазып, оқырмандарға ұсынуды жөн көрдім.**

Елтінді ел басына күн туған қасіретті аштық жылы, яғни 1932 жылы Ақтаз Бабас руының Уәйіс тегі Айранбай шаңырығында өмірге келген төртінші ұлы болды, ондай зұлматтан аман қалуы да, көрер жарығы, татар дәмінің таусылмағаны әрине. Елдегі аштық нәубеті тезірек тынсын деген ниетпен сәбидің атын туған ағасы Айранбай отбасының ең үлкені әрі отбасын асыраушысы, Байқоңыр көмір шахтасының «Стахановшысы» атанған Айранбайұлы Қорғанбек ырымдап Елтінді деп қойған екен.

Елтінді заман ағымынан қалмай ерте есейді, ол Жезқазған руднигінде 18 жасынан бастап шахтаның ауыр жұмыстарына өз еркімен еңбекке араласты. Анасы Жұпар мен қарындасы Дариғаның асыраушысы болды, өмірлік жары болған Құлахметқызы Гүлсіммен отбасын құрып Айранбайдың қарашаңырағын ұстады, сонымен қатар кешкі мектепте оқып, орта білім алуды да ұмытпады.

Мен танып білгенде Елекең ішкі істер қызметінің офицері, Ұлытау ауданы «Аманкелді» кеңшарында учаскелік инспектор болып қызмет етеді екен. Бұл қызметке дейін «Жезқазған» поселкесінде тұрып, шахтада жұмыс істеген, кейін денсаулығына байланысты шахтадан басқа жұмысқа ауысуына тура келеді.

Сол кезде ішкі істер бөлімінде қызмет істейтін ең жақын бөлесі Тойкен Баяхметов көмек қолын созады. «Сенің қабілетің мен білімің артығымен жетеді», – деп, ішкі істер бөліміне жұмысқа тұруына ұсыныс жасап, барынша көмек көрсетеді. Осылайша, Елекеңнің қызығы мен шыжығы көп ішкі істер бөліміндегі қызметі басталады. Қарт анасы, әйелі және 4 баласымен өзіне бекітілген Аманкелді атындағы кеңшардың орталығы Сарлық елді-мекеніне қоныс аударады. Бұл алпысыншы жылдардың ортасы болатын. Арнайы оқу орнын тәмамдамаса да, жасынан зерек, көзі ашық, көкірегі ояу Елекең бұл салада жемісті еңбек етеді. Оның қабілетін ескеріп облыстық ішкі істер басқармасы Шеңбер кеңшарындағы ішкі істер бөлімі жұмысын қоса атқаруды жүктейді. Ол уақыттағы транспорттың түрі Амангелді атындағы және Шеңбер кеңшарларының пайдалануға берген бір-бір аттары ғана болатын. Сол аттарымен екі кеңшардың территориясын аралап жүріп, тиісті жұмысын атқарып, халық арасында абыройлы қызмет атқарады. Еңбектегі белсенділігі арқасында «Елгезек Елтінді» деген атпен аудандық газет бетіне де жарыққа шыққан екен. Ол одақ және республикалық, облыстық дәрежедегі марапаттардың иесі, ішкі істер қызметінің үздігі белгісін омырауына таққан жан еді. Тарихи әңгімелерді жақсы айтатын, ол кісінің қасында отырып әңгіме тыңдау бір ғанибет еді.

Ол Түркістандағы Хазірет Сұлтан кесенесіне Бағаналы елінен қойылған Ақтаз-Бадана-Сейіт болысын 30 жылға жуық басқарған болысы, Сарыарқа, Сібір, Сыр бойына белгілі би, әрі батыры болған ұлы бабасы Уәйіс Байжанұлы, басқа да тарихи тұлғалар туралы әңгімелерді тамылжытып айтатын. Атай іс-сапармен 1970 жылдары Ақтөбе облысына барады. Сол жерде жүргенде ол ұлы нағашысы, кіші жүз Әлім-Шөменнің ардақтысы, Уәйіс бидің анасы Тоқтының әкесі Көтібардың (Сарыбатыр-халықтың атап кеткені) зиратында болып, арнайы мал шалдырып, құран бағыштатыпты. Қабірінен бір шөкім топырақ ала келеді, оны қатты қастерлеп сақтаған екен. «Жігіт адам өз жұртын да, нағашы жұртын да жақсы білуі керек. Ол адамды көпшілдікке, бауырмалдыққа тәрбиелейді», – деп балаларына айтып отырушы еді.

Аманкелді ауылының қадірлі ақсақалы Әне Сағымбайұлымен силас дос болды. Соғыс жылдарында, одан кейін де, ұжымдық шаруашылықты басқарған, ауылдың атқамінері Әнекеңнен ақыл-кеңестер алып тұрған екен. Бұл ақсақалдың «Әненің айтқандары» деген атпен талай қызықты әңгімелері 2000 жылдары «Мысты өңір» газетінде жарияланып тұрды. Атай Әнекеңді бас құда етіп Жәйремге қызының үлкені Ақзәуреш екеуміздің үйлену тойымызға да алып келген еді. Ақсақал 1985 жылы қайтыс болғанда бейітіне «досы Елтіндіден», – деп жазып, құлпытас орнатуы да үлкен сыйластықтың белгісі еді.

«Анасын жанындай жақсы көріп сыйлаған, айтқанын екі еткізбей орындайтын. Ол кісі қайтыс болғанда бір ай сақал-мұртын алмай аза тұтқан», – деп еске алушы еді әйелім. Сексенінші жылдың басында Елекең жұмыс орнын ауыстырып «Ақтас» жұмысшылар поселкесіне қоныс аударды. 1987 жылы жаз айында атайдың жаңа қонысына отбасыммен құтты болсын айта бардық. Бір-екі күн аунап құнаған соң атай: «Сені Атам белгісіне апарайын», – деді. Уәйіс Байжанұлы қыс ортасында қайтыс болып, сүйегін уақытша кесенеде сақтап, көктем шыға өз аманатына орай, ұрпақтары қасиетті Түркістанға жеткізген. Міне, сол жерді «Атам белгісі» деп атайды екен. Үш аяқты мотоциклмен рөлде ұлы Мағауия, мен және 10 жасар кенжесі Алмаз, атай төртеуміз жолға шықтық.

Уәйіс Байжанұлының аманат белгісі қойылған жер Байқоңыр өзенінің бойындағы биік төбеде екен. Шағын ғана тастан қаланған кесене. Лайсыз, тек тастан қиюластырып қаланған кесененің жүз жылдан артық уақытта шашылып қалмай тұруы да ғажап нәрсе! Сол жерде өзімізбен пісіріп ала барған қойдың басын мүжіп, құран бағыштап қайттық. 2008 жылы Елекеңнің немере інісі, Уәйіс атасының өмір жолын зерттеп жүрген мемлекеттік қызметтің ардагері, белгілі қаржыгер Сәттібек Қорғанбеков игі іс бастап «Уәйіс би, Уәйіс батыр, Уәйіс болыс...» атты кітап жазып, мен де, сол бастаманың бір кірпіші болып, ұлы бабаға арнаған өлеңімді ұсынған едім. Кейін осы Сәттібектің ұсынысымен 2014 жылы Уәйіс бабаның ұрпақтары Қордайдан гранит тас алдырып оған Уәйіс Бабаға арнайы ескерткіш жасатып, оны аманат белгісіне қою және ол жерленген Түркістаннан ақ топырақ әкелініп аманат қойылған кесенесіндегі бабаның жатқан жеріне төселді. Одан соң Наурызбаев Ерболат Ерғазыұлы мал шалып сол жерде құдайы берген.




Келесі күні Жезқазған қаласындағы «Бәйтерек» мейрамханасында Бағаналының 4 босағасы ұрпақтарын және ақтаз-бабас руының алыс-жақын алқалы азаматтары шақырылып ас берілген еді.

Атайдың жеңіл қалжыңы да қалмайтын. Маған: «Сен бізге әрі күйеу, әрі құдасың», – деп, қалжыңдап отыратын. Оның себебін өзі айтпаса білмес те едім. «Оразай Батырбеков деген ағамыз Қ.Сәтбаевтың қызы Шәмшиябануды алып отыр ғой» – деп, менің Қанекеңмен аталас екенімді меңзейтін. Кейін 1996 жылы жарық көрген Шәмшиябану апамыздың «Сәулелі әулет» атты кітабы қолыма тигенде көптеген деректермен танысболдым. Бұл кітабында Шәмшиябану өзінің Бабас елінің келіні екенін жазады. Күйеуі Оразайдың ұлы атасы Бектемір, Уәйістің әкесі Байжанның інісі екен.

Анда-санда Жәйремге қыдырып келе қалса саквояжын қоя салып: «Ал, кеттім нағашыма!» – дейтін. Нағашысы – сол кезде Жәйрем кен-байыту комбинатының директоры болған Садық Қасымұлы Асатов болатын. Құрлыс қарқынды жүріп жатса да сексенінші жылдары Жәйремде үй алу оңай шаруа болмайтын. Атам Елтінді нағашысына бізге үй жағынан көмектесуін «мықтап» сұраған болуы керек, үйленгеннен кейін бір жылдың ішінде екі бөлмелі пәтерге ие болдық. Жатқан жері жайлы болсын Садық аға үлкен жүректі, мейірбан адам еді, кейін де көмек қолын созған кездері болды.

Қарындасы Дариғаның жұбайы белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Жәлел Қалмағанбетов бірде қайынағасының тапқырлығы мен шешендігіне тәнті болып: «Сізде диплом болса баяғыда бір жерде отырар едіңіз», – деп әзілдегені есімде. Елекең сонымен қатар өлең де жазған кісі, әр жылдары жазылған өлеңдері әр түрлі тақырыпты қамтиды. Біраз өлеңдері ұлым Азаматтың ұсынуымен «Мысты өңір» газетінде жарық көрген. Жарықтық жалғыз қарындасы Дариғаны және одан туған жиендерін өте жақсы көруші еді. Сүйікті жиені Ерден Жәлелұлы Қалмағанбетов Ұлттық қауіпсіздік комитетінде істеп, подполковник шенінде 35 жасында мезгілсіз қаза болды. Бұл қазаға аса қатты қайғырған атай жиеніне арнап ұзақ жоқтау өлеңін арнады...

Жаратқан сәуле берген ой- санама,
Жоқтамай, жиенімді мен қалам ба?
Ерденім заты бөлек бекзат едің,
Арнамай саған жырды тоқталам ба, – деп толғағаны есімде. Атай зейнетке шығар алдында Жезді кентіне қоныс аударады, 1992 жылы майор шенінде зейнетке шықты.

Өзі көпшіл адам, қол қусырып үйде қалай отырсын, игілікті іс-шаралардан қалмай әрі өзіндік үлесін қосып жүрді. 1994 жылы Уәйіс бабалары аманат қойылған жерге бір топ туысқандарымен барып салтанатты түрде құлпытас орнатысып қайтты. Ерден Сандыбайұлының жаңа кесенесінің ашылу рәсіміне қатысты. Жездідегі ақсақалдар кеңесін басқарған кезі болды.

Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі күрделі жөндеуден өтіп, сонда жерленген аруақтарды қайта жерлеу рәсімі болатыны хабарланады. Осыған байланысты кесене мұражайының қызметкерлері осында жерленген жандар туралы толық мағлұмат керек екенін жариялайды. Ақ сарайға жерлеу үшін қазақ қоғамында алған орны, атқарған қызметі туралы деректер керек екен. Бұл деректерді жерлеу рәсіміне дейін жеткізу ұрпақтарына жүктеледі.

Міне, бұл хабар құлағына тиісімен Елекең дамыл таппай іске кіріседі. Белгілі жазушы Қ.Ахметовпен тығыз байланыста болады. Ол туыстарын ұйымдастырып, жазушының жол сапарын қаржыландырып, Омбы мұражайынан әкелген Уәйіс Байжанұлы туралы деректерін кесене мұрағатына тапсырады.

Көп ұзамай арнайы шақыртумен ағасы Нұрыш Сейітұлы екеуі біраз туысқандарын Кәшен Қонысбаевтың отбасымен, Марат Наурызбаев, Мұхамбедяр Наурызбаев және басқалармен бірігіп, арнайы сойыстық малдарын алып, автобус ұйымдастырып қайта жерлеу рәсіміне қатысуға Түркістан қаласына аттанады.

Бұл іс-шара 1 маусым 1999 жылы Хазірет Сұлтан кесенесінде болады. Митингті белгілі қоғам қайраткері Ә. Кекілбаев сөз сөйлеп ашады. Рәсім аяқталғасын құран оқылып, құдайы ас беріледі.

Атай іс-шараны толықтай бейне таспаға Мұхамбедяр Наурызбаевқа түсіртіп, келген соң Жезді мұражайына табыс етеді. Бейне таспаның соңында кесене мұражайының басшысы Елекеңе: «Сіз атаңыздың алдында өте үлкен қызмет жасадыңыз, бізге ол кісінің өмірі туралы құнды құжаттар әкелдіңіз. Сіздей ұрпақтары бар аталарыңыз бақытты екен», – деп үлкен ризашылығын және алғысын айтататын жері бар.

Елекең – кенші ақындар К.Салықовпен, Ш.Ділдебаевпен достық қарым-қатынаста болған адам. Бірде менің зайыбым кіші ұлын ертіп Жезді кентіне анасына барады. Барса үлкен дәмнің үстінен түседі. Кешке үйге екі беті бал-бұл жанып, мәз боп келді. «Бекер бармадың, үйде Жәлел Қалмағамбетов жездем мен Кәкімбек Салықов аға бар екен», – дейді. Жақсы отырыс болыпты, аттанарда екі дос жарыма екі кітап сыйға тартады. Жәлел Шубайұлы: «Зәурешке! Тайжан ақын ұрпағы атынан сыйға тарттым», – деп жазып ақынның «Сақ-сақ күлсін сырнайым» деген жыр жинағын ұсынса, Кәкімбек аға «Отырар сазы» атты өлеңдер жинағын сыйлапты. «Ардақты досым Елтіндінің қызы Ақзәурешке! Ақтұйғындай асыл досымның қызы деп сыйға тарттым», – деп жазып, 16.07.2005ж. деп қолын қойыпты жарықтық. Дос өлсе де, достық сезімнің сақталғаны осы ғой!

Жастай қосылған жары Гүлсім шешей екеуі өмірдің ыстық-суығын бірге көріп сегіз бала тәрбиелеп, оларды ел қатарына қосты. Елекең көбіне қызмет бабымен үйде болмағандықтан көп ауыртпалық Гүлсім шешейге түскені анық. Ол туралы атай жарына деген ыстық алғысын білдіріп отыратын. Мына өлең жолдары соның айғағы.

Адал қып қосқан жарымсың,
Байлығымсың, барымсың.
Бар мен жоқты білгізбей,
Жасадың Гүлсім, ерлік шын – деп сүйсіне жырлауы сондықтан.

Ата жолын қуған екі ұлы Мәлік және Мағауия ішкі істер мекемесінде қылмыстық істерді ашу бөлімінде қызмет істеп зейнетке шықты. Екі қызы мұғалімдік мамандықты таңдады. Үлкен қызы Ақзәуреш Сәтбаев қаласындағы №19 Ы.Алтынсарин атындағы мектепте ұстаздық еткен он жыл мерзімде ұжымның да, ата- аналардың да үлкен құрметіне ие бола білді. Мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болды. Өкінішке орай 2007 жылы дүниеден ерте озды.

Ортаншы ұлы Ғарифулла прокуратура саласында жемісті еңбек етті. Ақтоғай, Приозерный аудандарында прокурор болды. Жезқазған қаласының прокуроры болып, аға әділет кеңесшісі шенінде құрметті демалысқа шықты. Еңбегі ескеріліп «Прокуратура озаты» төс белгісімен, «Мінсіз қызметі үшін» медалімен марапатталды.

Уәйіс Байжанұлы атасы сияқты Елекең де әділдікпен адалдықты басшылыққа алып ғұмыр кешкен адам. Қоштасу деген өлеңінен үзінді келтіре кеткенді жөн көрдім.

Қуаныш, реніш те өтті бастан,
Шамам жоқ жазатұғын менің дастан.
Тап-таза адал ғұмыр кештім деймін,
Арамдық ата жауым болды жастан.

Елтінді Айранбайұлы Алланың берген 67 жасына шүкіршілік етіп, ұрпақтарының жаманшылықтарын көрмей, көп ауырып-сырқамай 1999 жылдың қоңыр күзінде дүниеден өтті.

Топырағың торқа болсын, асылдың сынығы, бұлақтың тұнығы болған қымбатты әке, қамқор аға, абзал азамат! Сіздің есіміңіз ел есінде сақталып қала береді...

**Жәми ТҰРСЫНБАЕВ**
*Сәтбаев қаласы.*

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

# ДУЛЫҒАЛЫ МЕШІТІ



Дулығалы мешіті Ұлытау ауданы Ащылы өзатериенінің бойында, Байқоңыр кенті маңында орналасқан. Мешітті салдырған – Құлмұхаммед ишан Арыстанбайұлы. Құлмұхаммед ишан жастайынан оқу-білімге зеректік танытқандықтан, әкесі Арыстанбай оны Бұхара, Самарқан жағына оқуға жібереді. Одан кейін көп қиыншылықтар көріп қажылыққа барады. Елге оралған соң мешіт-медресе салдырып, молда ұстап, бала оқытады. Мешіттің құрылысы 1902 жылдары басталып, шамамен 1906 жылы аяқталған. Мешітті салған – Бердікей Талпақ деген шебер. Тоғыз күмбезді қылып тұрғызылған. Құлмұхаммед ишан 1916 жылға дейін қайтыс болса керек. Оның игі ісін жалғастырушы Абдрахман ишан, Бірмағамбет ишан деген адамдар болған. 1916 жылғы дүрбелеңде қыпшақ руының бас көтерер азаматтары мешітте бас қосып бәтуаласып, көтеріліске шыққан.

Жаңа мешіт жобасын Бұқара үлгісімен 9 күмбезді қылып Құлмұхамбет ишан сызыпты. Кірпіш құйғанда басы-қасында болып, басшылық жасаған. Бетіне арабша жазу, әртүрлі ою-өрнек түсірілген кірпіш құйып, күйдірген көрінеді. Бұқара үлгісімен салынған тоғыз күмбезді мешіт, сырты өрнекті қызыл кірпішпен өрілген жиырма төрт бөлмелі медресе, Құлмұхамбет ишанның келісті кесенесі мен қызыл үйі – «Дулығалы» өз заманында тұтастай бір рухани-мәдени кешен болғанын айғақтайды.

# БОЛҒАН АНА КЕСЕНЕСІ



Орталық Қазақстандағы Алтын Орда кезеңінің ең тамаша көрнекті ескерткіштерінің бірі – Болған ана кесенесі.

Аңыз бойынша Болған анан Алаша ханның келіні деп айтылса, келесі бір аңыздар осы жерде жоңғарлардың пайда болғанына дейін, шамамен XV ғасырдың басында, Болған есімді билеуші әйел өмір сүрген айтады.

Ертедегі аңыз бойынша Болған ана жөнінде былай айтылады екен: «Ертеде көне заманда Түркістанда Талмас ата деген әулие кісі өмір сүріпті. Өзі керемет құсбегі екен. Оның бәйбішесі – Болған ана, тоқалының аты – Белең ана, кенже тоқалының аты – Ақбикеш екен дейді. Әулие Талмас ата өте ақылды болғандықтан үш әйелін үш жерге орналастырған екен. Кенже тоқалы Қаратау бойында болса керек, сол жерден ертемен шығып, түсте Сарысудың Белең ана ауылына түстеніп, кешке қонуға Ұлытаудағы Болған анаға келеді екен». Бұл аңызды қазір Жетіқоңыр, Сарысу бойындағы бірен-саран ақсақалдар ғана біледі. «Аңыз түбі – ақиқат» демекші, шындығында осы аталған қасиетті қорымдар Сарысу өзені бойын жағалай, одан әрі Бетпақтың даласына ауысады.

# ЕРДЕН САНДЫБАЙҰЛЫ КЕСЕНЕСІ

Ұлытау өңіріндегі белгілі қайраткер Ерден Сандыбайұлы 1808 жылы туып, 1863 жылы 55 жасында өмірден өткен. Ерденнің тарихи тұлғасы тек қана оның өз заманында белгілі рубасы, аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермеген би, тіпті Атбасар дуанының аға сұлтаны болғандығымен аяқталмайды. Айрықша назар аударарлық мәселе – оның арғы ататегінің тұлпар мініп, ту толқытып шыққан, халқым деп қабырғасы қайысқан ерлер екендігі.

Ерден Сандыбайұлы кесенесі Бозтұмсық ауылы Қаракеңгір өзенінің және Қарағансай өзенінің құйылысында орналасқан.



# ҚҰЛАН ҚАТЫН КЕСЕНЕСІ

Құлан қатын кесенесі Қаракеңгір өзенінің сол жағалауында, Сарысу өзені, Қаражар деп аталатын жерде орналасқан. Бұл күмбез өзінің көршісі, Болған ана кесенесінен гөрі жаңа және XIV-XV ғасырлар кезеңіне жатады деп саналады.

Халық аңыздары оны Шыңғыс ханның екінші әйелі және Құлқанның анасы меркіт Құлан-хатунның атымен байланыстырады. Аңыз бойынша, Құлан хатун – Жошының өлтірілуіне қатысы бар әйел. Бір нұсқаға сәйкес, Ұлытау жері моңғолдардың бақылауында болғанға дейін, Жошы ханнан бұрын қайтыс болды. Басқа нұсқаға сәйкес, ол Хорезмге сапарында Шыңғыс ханмен бірге жүрді және олардың бірінде қайтыс болды, денесін қалың мұзда сақтап кейінірек жерлеген.



# АЯҚҚАМЫР КЕСЕНЕСІ

Ұлытау өңірінде орналасқан Аяққамыр кесенесі – Орталық Қазақстанның ірі ескерткіштерінің бірі. Аяққамыр мазары шамамен XIV ғасырдағы Құтлық Темір мазары деп аталған деген болжам бар. Аяққамыр мазары Жезді өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан. Аяққамыр мазары жайлы Шоқан Уалиханов өз еңбектерінде атап кеткен болатын. Мазар портальды күмбезді күрделі құрылыстар қатарына жатады.

Жергілікті халық арасында бұл кесенеге қатысты көп аңыз тарала қоймаған.

Алдыңғы беті П әрпі сияқты жиектеліп, монумент портал түрінде әшекейленген. Киретін қуыс түзу аркамен жабылған. Күмбезі күйдірілген кірпіштен қаланып, жарты оюлармен әшекейленген тақталармен қапталған. Шаршы негізден бұрыштарын кеміте қалау арқылы күмбез шығарылған. Архитектура құрылымы мен безендірілуі IX- XII ғғ. осындай құрылыстарға тән.

НАҚТЫЛАУ

«Saryarqa» газетінің 2019 жылғы 4 қазандағы №38 шығарылымында жарияланған Жезқазған қаласы бойынша жер телімдерін сату аукционы жайлы ақпаратқа келесі өзгерту енгізіледі:

1. Кестенің 1 тармағындағы құқық түрінің «Жеке меншік» сөзі «(5 жыл) уақытша жер пайдалану» сөзіне ауыстырылады;

2. Кестенің 12 тармағындағы ауданы «0,0012» саны «0,0036» санына ауыстырылсын және бастапқы бағасы «2172,0» саны «6515,0» санына ауыстырылсын;

3. Кестенің 13 тармағындағы жер телімнің мекен-жайы «Жезқазған қаласы, Пушкин көшесі, №3 үй аумағы» сөздері «Жезқазған қаласы, Пушкин көшесі, №5 үй аумағы» сөздеріне ауыстырылсын, ауданы «0,0012» саны «0,0025» санына ауыстырылсын және бастапқы бағасы «2172,0» саны «4524,0» санына ауыстырылсын;

4. Кестенің 14 тармағындағы ауданы «0,0012» саны «0,0036» санына ауыстырылсын және бастапқы бағасы «2172,0» саны «6515,0» санына ауыстырылсын;

5. Кестенің 15 тармағындағы ауданы «0,0012» саны «0,0025» санына ауыстырылсын және бастапқы бағасы «2172,0» саны «4524,0» санына ауыстырылсын.

**«Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ**

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

# СУДАҒЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

***апаттан қорғанудың бірден-бір жолы***



Жезқазған қаласы құтқару бөлімшесінің қызметкерлері 2019 жылдың – күзгі айлар кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу және болдырмау мақсатында, өз міндеттерін жоғары деңгейде атқарып жүр. Балықшылар мен жағада демалушылар арасында профилактикалық жұмыстар жүргізуде. 4-МӨСБ, Төтенше жағдайлар басқармасының және полиция қызметкерлерімен бірлесіп суда қауіпсіздік ережелерін, жағадағы тәртіп туралы профилактикалық жұмыстар жүргізіп, жадынамалар таратады. Қала тұрғындары мен қала қонақтарын судағы қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырады.

Басты міндетіміз – адамдардың суға кетіп қалуына жол бермеу, оларды сақтандырып отыру. Осыған орай мектептерде оқушылармен кездесу өткізіп, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мақала жариялап отырамыз.

Сумен ойнаудың қауіпті екенін, оның қателікті кешірмейтінін балалар түсіне бермейді. Сондықтан, ата-аналардан балаларыңызды бақылап, үнемі қадағалап отыруын сұраймыз! Әр адам өз өміріне жауапкершілікпен қарап, судағы қауіпсіздік ережелерді қатаң ұстана білсе, ешқандай қайғылы жағдай орын алмас еді. Балаларға ең бастысы өзіміз үлгі болуымыз қажет.

Балықшыларға да, ескертіп қойғанның артығы жоқ. Балық аулауға шыққанда «сақтықта қорлық жоқ» деген қағиданы ұмытпасаңыздар дейміз. Өздеріңізбен бірге құтқару кеудешелерін, белдіктерін және 8-10 метрлік арқан ала шығу керек. Кешкі және түнгі мезгілдерде, өзіңізді жайсыз сезінген уақытарда балық аулауға шықпаңыз-дар.

Осы ережелерді сақтай отырып, сіздер өздеріңізді және жақындарыңызды апаттан, қайғылы оқиғалардан арашалай аласыздар. Өз өмірлеріңізді қастерлеп, арты қайғылы жағдайға соқтырар жайдан аулақ болыңыздар!

Егер біреуге қауіп төнгенін көрсеңіз жедел уақытта құтқарушылар бөлімшесіне хабарлаңыз. Құтқарушылар тәулік бойы көмекке келуге дайын. Жезқазған қаласы жедел-құтқару бөлімшесінің телефон номері 90-10-20 немесе 112.

**Гүлжанат ТАШЕВА,**
**Жезқазған қаласының**
**жедел-құтқару бөлімшесінің медбике-құтқарушысы.**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

### Құрметті Сара Тугелбаевна !



Сізді өміріңіздің биік белесі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз !

Сіз атқарған еңбектің еленгені кімге де болса қуаныш, көңілге үлкен медет!

Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбегіңіздің жемісі ұшан теңіз. Өз ісіңізге берілгендіктен кәсіби шеберлігіңіз, әділдігіңіз бен адамгершілігіңіз үшін кейінгі ұрпақ сізді ақжүрек азамат ретінде қашан да құрмет тұтып сыйлайды.

Өмір жолыңыз ұзақ болып, Сізге жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей ғұмыр тілейміз!

Құттықтаулар келіп жатыр көптеген,
Бізден шашу осынау бір отты өлең.
Құтты болсын зейнеткерлік жасыңыз,
Ұстаздардың күнімінен дөп келген.

Жақсы басшы – ұжымның тірегі ,
Жақсы басшы – ұжымымен жүреді.
Зор денсаулық, жемісті еңбек, әрине,
Сол ұжымының өзіңізге тілері!

**№ 8 гимназиясы ұжымы**

## Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты, көрнекті режиссер Жанат Әубәкірұлы Хаджиев атындағы Халықаралық театрлар фестивалінің БАҒДАРЛАМАСЫ

*Өтетін уақыты: 2019 жылғы 15-19 қазан*

*Өтетін орны: С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры*

| Уақыты | Іс-шараның атауы | Қатысушылар | Өтетін орны |
|---|---|---|---|
| **15 қазан** | | | |
| 14:00 | Фестивальдің ашылу салтанаты | Барлық қатысушы театрлар мен қонақтар | Қ.И.Сәтбаев атындағы алаң |
| 16:00 | «Ұмытыңдар оны» (Герострат тірі екен) (трагикомедия) Авторы: Г.Горин Режиссері: Ж.Жұманбай | Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры | Театрдың үлкен залы |
| **16 қазан** | | | |
| 11:00 | «Сергелдең болған серілер» (комедия) Авторы: Б.Мұқаев Режиссері: С.Акелеев | Шығыс Қазақстан облыстық драма театры | Театрдың үлкен залы |
| 16:00 | «Ж.Хаджиевтың қазақ театры өнерін дамытуға тигізген ықпалы» шеберлік сағаты | Жас артистер мен студенттер | Қуыршақ труппасы залы |
| 18:00 | «Сфорцандо» (трагифарс) Авторы: Ж.Ануй Режиссері: Т.Захарова | А.Умуралиев атындағы Бішкек қалалық драма театры | Театрдың үлкен залы |
| **17 қазан** | | | |
| 11:00 | «Адасқан бақ құсы» (шер-шемен) Авторы: Иран-Ғайып Режиссері:Е.Төлеубай | Семейдің Абай атындағы Мемлекеттік қазақ музыкалық драма театры | Театрдың үлкен залы |
| 16.00 | Баспасөз конференциясы | Театр басшылары, режиссерлер, қазылар алқасы мен қонақтар | «Дидар» телеарнасы |
| 18:00 | «Шынарым менің, шырайлым менің» (драма) Авторы: Ш.Айтматов Режиссері, инсц.:С. Мелиев | «Турон» Мемлекеттік әскери театры Өзбекстан Республикасы | Театрдың үлкен залы |
| **18 қазан** | | | |
| 11:00 | «Филоктет - Медея»(трагедия) Авторы: Х.Мюллер Режиссері: Қ.Қасымов | Х.Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры | Театрдың үлкен залы |
| 17.00 | «Знамя Ковы» (тарихи драма) Авторы: А.Фирдоуси Инсц. Н.Меликов Режиссері: Н.Меликов | М.Вохидов атындағы Тәжікстан Мемлекеттік жастар театры | Театрдың үлкен залы |
| **19 қазан** | | | |
| 11.00 | «Шыңғысханның ақ бұлты» (эпикалық драма) Авторы Ш.Айтматов Инсц. Т.Жанботаев Режиссері Т.Жанботаев | С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры | Театрдың үлкен залы |
| 14:00 | Салтанатты марапаттау рәсімі және фестивальдің жабылуы | Барлық театрлар мен қонақтар | Театрдың үлкен залы |

## АТАУЛЫ КҮН

# 11 ҚАЗАН – ТАРИХТА

1961 жылы 11 қазанда Семей полигонында алғашқы жер асты ядролық жарылысы жасалды.

1997 жылы 11 қазан күні «Қазақстан – 2030» Даму Стратегиясы қабыданды.

1997 жылы дәл осы күні Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің әскер академиясы құрылды.

2008 жылы 11 қазанда Елбасы Каспий теңізі маңынан жаңа «Ақтау сити» қаласының алғашқы іргетасын қалады.

## СПОРТ

# ШАҒЫН ФУТБОЛ ТУРНИРІ

### *Николай Манаевқа арналды*

**Прокуратура қызметінің ардагері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің және «Прокуратураның құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегері Николай Манаевтың туғанына 90 жыл толуына орай Жезқазған қаласының прокуратурасы ұйымдастырған шағын футбол турниріне 8 команда қатысты.**

Турнирді өз құттықтауымен ашқан мысты өлкенің бас прокуроры Асығат Ахметов Николай Манаевтың өнегелі өмірінен сыр шертіп, елге адал қызмет етуді абырой санаған алдыңғы толқынды жас ұрпақ танытып қана қоймай, үлгі тұтуы қажет екенін алға тартты. Сонымен қатар, командаларға сәттілік тіледі.

Додаға қатысқан командалар Жезқазған қалалық әкімдігінің, ұлттық қауіпсіздік комитеті мен төтенше жағдайлар басқармасының, сондай-ақ, Жезқазған полиция басқармасының, қалалық қорғаныс істер жөніндегі басқарма мен мамандандырылған күзет қызметі басқармасының, түзеу мекемесі мен қалалық прокуратураның намысын қорғады.

Тартысты ойын көрсеткен командалар арасынан тәртіп сақшылары озып шығып, жүлделі I орынды қанжығасына байлады. Жүлделі II орынды АК-159/25 түзеу мекемесінің командасы иеленсе, Жезқазған қалалық әкімдігінің футболшылары қола жүлдегер атанды. Ептілігімен көзге түскен Медет Мергенбай «Үздік ойыншы», Мадияр Тұрсынов «Үздік шабуылшы», Абай Жамгиров «Үздік қорғаушы» және Серікбол Смайлов «Үздік қақпашы» атанды.

Үздіктерді марапаттау салтанатына қатысқан Николай Манаевтың ұлы Владимир ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.

**Бота ШАЛҚАР**

# ТАРЛАНДАР ТАНЫЛЫП, ҰЛҒАЛАР ТОП ЖАРДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



«Білім – бақыт шырағы» демекші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, ұстаздардың ұстазы атанған педагог Шабал Бейсенбекқызының өңірдегі білім беру ісіне қосқан үлесі зор. Салтанатты шара төріне көтерілген айтулы ұстаз Білім беру ісінің үздігі Шабал Бейсенбекова атындағы атаулы сыйлықты білім беру саласындағы еселі еңбегі үшін №8 мектеп-гимназиясының директоры Сара Әбдікероваға өз қолымен тапсырды. ҚР Білім беру ісінің үздігі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Нүрия Жұмажанова атындағы сыйлық та дәстүрге айналып келеді. Бұл атаулы сыйлыққа №1 жалпы орта білім беретін мектептің директоры Әбдірахман Досанов лайықты деп табылды. Сыйлықты табыстау құрметіне «Ютария-ЛТД» компаниясы басшысының орынбасары Тұрсынай Шахмұратқызы ие болды. Арасында Т.Қалмағамбетов атындағы филармония әншілері Асхат Сағындықов пен Руслан Исмаилов әнмен әрлеген сыйлық тапсыру салтанаты одан әрі өнер өлкесінің таңдаулыларына қарай ойысты.

Қазақ театр өнерінде қайталанбас қолтаңбасын қалдырған талантты режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты Жанат Хаджиев атындағы сыйлықты тапсыру үшін сахнаға «ҚР Ақпарат саласының үздігі», облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің басшысы Қамбар Ахмет шақырылып, бұл атаулы сыйлық С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының талантты актері Кенжетай Әбілдинге табысталды. Қазақстанның Халық артисі Досжан Жанботаев атындағы атаулы сыйлыққа «Кейкі мерген» сериалында Кейкінің рөлін сомдаған жас талант, Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының актері Дархан Сүлейменов лайықты болды.

Ол сыйлықты номинация атауының иегері, театр тарланы Доскеңнің өз қолынан алды. М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының белді актері Кеңес Нұрланов атындағы сыйлық та тағайындалған болатын. Атаулы сыйлықты сахна төрінен Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Кеңес Әзімханұлы салтанатты жағдайда Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық музыкалық-драма театрының актері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Боранбай Молдабаевқа тапсырды. Кезінде С.Қожамқұлов атындағы театрда Қодар сияқты күрделі образдарды сомдап, қазір Қостанай драма театрының тарлан актеріне айналған Қонысбек Бегайдаров атындағы сыйлыққа өткен жылы Ж.Хаджиев атындағы халықаралық театр фестивалінің жүлдегері болған, Қостанай театрының талантты өнерпазы Олжас Бегайдар ие болды. Атаулы сыйлықты сахнада табыстаған ҚР еңбек сіңірген қайраткері Қ.Бегайдаров: «Баласына сыйлық тапсырды деп ойлап қалмаңыздар, бұл өнерге тағайындалған сыйлық» деп ағынан жарылды. Дәстүрге айналған, театр өнері тарландарының бірі Серік Бұлғақбаев атындағы атаулы сыйлықты табыстау үшін сахна төріне Қазақстан Репубикасының Еңбек сіңірген артисі Серік Құрматайұлының өзі шақырылды. Бұл атаулы сыйлық С.Қожамқұлов атындағы театрдың жас таланты Нұржан Бейісбековке бұйырды. Өнер майталманы, «Құрмет» орденінің иегері Райхан Ибраева атындағы сыйлық тағайындау да жылдағы дәстүрге айналып келеді. Бұл атаулы сыйлықты сахна шеберімен иық тірестіре бірге еңбек етіп жүрген талантты актриса Зылиха Әбдірасылова Райхан Ибраеваның өз қолынан алып мерейге бөленді. Келесі бір айтулы марапаттың жөні бөлек десе болғандай. Өнердің тарлан тұлғасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Тұлпар» фестивалінің лауреаты Қайрат Кемалов атындағы атаулы сыйлықты меценат биыл алғаш рет белгілеп отыр. Бұл сыйлыққа Ж.Хаджиев атындағы халықаралық фестивальдың лауреаты, С.Сейфуллин қазақ драма театрының жас актері Қуаныш Жағыпаров лайықты деп танылды. Лайықты марапатын өнердегі ізбасарына Қайрат Кемалұлы өз қолымен тапсырды.

Салтанатты шара одан әрі «Тұлға» сыйлығының иегерлерін ұлықтауға ұласты. Мемлекеттік саясат пен ұлттық мүддені ұштастыра отырып, халқымызды руханият нәрімен сусындатуда бұқаралық ақпарат құралдарының айтарлықтай маңызы бар екендігіне дау жоқ. Ұлт алдындағы үлкен жауапкершілік жүгін мүлтіксіз көтеріп келе жатқан, ғасырлық тарихы бар ел газеті «Egemen Qazaqstan» басылымы «Тұлға» сыйлығына лайықты деп танылуы көпшіліктің көңілінен шықты. Осыған орай салтанатты шараға қатысып отырған «Egemen Qazaqstan» республикалық газеті» басқарма төрағасының орынбасары Ерболат Қамен сахна төріне шақырылды. Мәртебелі сыйлықты «Құрмет» орденінің иегері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Мұзараф Аханұлының қолынан алды. «Тұлға» сыйлығының келесі кезегіне Білім беру ісінің үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің және «Құрмет» орденінің иегері, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы Шабал Бейсенбекова лайықты деп танылды. Ардагер ұстазға мәртебелі сыйлығын қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова табыстады.



«Тұлға» сыйлығының келесі иегері ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның Халық артисі Досжан Жаботаев болды. Жезқазған театрының негізін қалаушылардың бірі, өнер тарланы Доскең биыл 70 жастың желкенін керіп отыр. Сахна төріне көтерілген Бекзат Қомарұлы қазақ ән өнеріне ерекше еңбек сіңіріп жүрген әнші, композитор, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалықоваға 400 мың сомдық «Өнер грантын» тапсырумен тарландарды таңдап, ұлықтау рәсімі мәресіне жетті. Елена әнші «Жез даламды аңсаймын» әнінен бастап бірнеше өз туындыларын орындап, көпшіліктің ықыласына бөленді. Жезқазған сахнасында талай тартысты айтыс өткізгенін, ешкімнен жеңілмей жүргенде «Дәридай» ақын Мұқаш Сейтқазиновтан ғана тізе бүккенін еске алды. Сол бір шуақты шақты еске түсіріп, шабыты шамырқанған Мұқаш ақын да сахнаға шығып көңілге келіп қалған жыр шумақтарын төкпелеп, Елена әріптесіне ыстық ықылас-құрметін білдірді.

Қайырымдылықты парызы, меценаттықты асыл мұраты санайтын абзал азамат Бекзат кәсіпкерлікті баюдың жолы емес, халыққа көмек қолын созудың көзі деп біледі. Бір қаланың өткізетін шаруасын бір өзі тындырған мұндай ақниетті жан көп кездесе бермесі анық. Оған қалың жұртшылық риза болып, алғысын жаудырды, батасын берді. Ел мүддесіне қызмет етіп, мемлекетіміздің өркендеуіне өлшеусіз үлесін қосып жүрген нартұлғалар аз емес. Алайда, оларды бір жолғы шарамен қамтып шығу да әсте мүмкін емес. Бұл – осы бағыттағы ұлағатты ұланғайыр істің бастауы деп білдік. Жарастықты жалғасын тауып, өркенді өрісі кеңейе берсін дейміз.

**Амандық РАХҰЛЫ**

# ТАҒЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ, МАЗМҰНДЫ СҰХБАТ

**Қазақстан Республикасының Білім меценаты, тарих ғылымдарының кандидаты, Қарағанды облысы Қазақстан Халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбеков тағайындаған «Тұлға» сыйлығын табыстау салтанаты қаламыздағы Кетбұқа жырау, Сәкен Сейфуллин, Қаныш Сәтбаев ескерткіштеріне гүл қою рәсімімен басталды.**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Шараға келген «Egemen Qazaqstan» республикалық газеті басқарма төрағасының орынбасары Ерболат Қамен, «Орталық Қазақстан» газеті ЖШС-нің директоры, бас редактор Қамбар Ахмет, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Жастар одағы сыйлығының лауреаты, «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Кеңес Нұрланов, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, Қостанай меценаттар клубының «Қазына» сыйлығының иегері Қонысбек Бегайдаров, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегері Қайрат Кемалов, «Egemen Qazaqstan» газетінің Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі Қайрат Әбілда, «Egemen Qazaqstan» газетінің Жамбыл облысы бойынша меншікті тілшісі Хамит Есаман, Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекттік академиялық қазақ-музыкалық драма театрының актеры Олжас Бегайдаров, Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актеры Дархан Сүлейменов, Қарағанды облыстық қазақ драма театрының актеры Қуаныш Жағыпаров, С.Сейфуллин атындағы драма театрының актрисасы Бибіжамал Кемалова қаламыздағы басты білім ошақтарының бірі – № 8 қазақ гимназиясына барып оқушылармен кездесті. Қонақтарды қарсы алған мектеп директоры Сара Әбдікерова оларға «Жүз жылдық жылнама» атты көрмені таныстырды. «Ел газеті Egemen Qazaqstanға – 100 жыл» онкүндігінің аясында өткен шара осы тақырыпта оқушылар дайындаған сахналық қойылыммен жалғасты. Одан әрі қонақтар гимназияның өнерлі шәкірттерінің қатысуымен өткен концерттік бағдарламаға куә болды, мектеп музейін аралады, коворкинг залының жұмысымен танысты.

– Бүгін оқушылар сахна тілімен көркем түрде жүз жылдық тарихы бар, халық арасында «Ел газеті – Egemen Qazaqstan» атанған ұлт басылымы туралы көріністер қойып, бар өнерлерін ортаға салды. Бұл сүйегі енді ғана бекіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеуде осынау білім ошағы ұстаздарының ерен еңбегі мен тура тәрбиесінің нәтижесі деп білемін. Осы орайда, Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі ел азаматтарының басын қосып, жомартықтығын паш еткен Бекзат Алтынбековке алғысымды білдіремін, – деген Қайрат Кемалов жас өрендерге батасын берді.

Одан әрі қонақтар Жезқазған тарихи-археологиялық музейіне бас сұқты. Музей қызметкерлері қонақтарды халқымыздың ұлттық тағамдарымен қарсы алып, музей экспонаттарымен таныстырды.

БАҚ өкілдері мен музей қызметкерлері қатысқан конференцияда алғашқы




болып сөз алған қарт инженер-геолог, қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы Мұзараф Аханов қонақтарға Жезқазған қаласының өткені мен бүгіні жайлы сырлы құнды деректер айтып, қызмет жолында көрген-білген сырлы әңгімелерін баяндап берді.

– Меценат Бекзат Алтынбеков тағайындаған «Тұлға» сыйлығын табыстау рәсімі «Egemen Qazaqstan» газетінің 100 жылдығымен орайластырыла өтіп жатқандығына өте қуаныштымыз. Сонау «Ұшқыннан» басталған ұлт басылымының төл мерекесі Жезқазған төрінде де елеусіз қалмағандығы көңілімізді марқайтып тастады. Еңбектеріңізге жеміс тілеймін, – деді конференцияда сөз алған Ерболат Қамен.

–Жезқазған қаласына алғаш рет 8-сыныпта жүргенімде спорттық сайыста достарыммен келгенмін. Содан кейін міне қаншама жылдардан соң қайтадан дәм-тұз бұйырып отыр. Аядай ғана Жезқазғанның төрінде республикалық деңгейдегі шараның өтіп жатқандығы барша жұртты таңқалдырғаны жасырын емес. Бұл – ел азаматтарына, оның ішінде өнер майталмандарына деген үлкен жанашырлық, зор құрмет. Елін сүйетін азаматтар барында Жезқазғанның болашағы да нұрлы болары сөзсіз, – деді актер Кеңес Нұрланов газетімізге берген сұхбатында.

Шара соңында музей директоры Раушан Қапарова музей атынан «Egemen Qazaqstan» газетінің бас редакторы Дархан Қыдырәліге арналған құттықтау хаты мен «Ұлт жанашыры» лентасын басқарма төрағасының орынбасары Ерболат Қаменге табыстап, сый-тарлағы ұсынды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# КІТАПХАНА – БІЛІМНІҢ КҮНШУАҒЫ




**15 қазанда еліміздегі барлық кітапханашылар кәсіби мерекесін атап өтеді.**

Халық арасында кітапханашы кітап оқып, уақытын өткізіп, үйіне қайтады деген теріс пікір қалыптасқан. Дегенмен, олай емес. Өйткені, бүгінгі кітапханашы – бағдарламашы, ол – менеджер, ол – психолог, бірнеше саланы меңгерген, дәлірек айтқанда, кітапхана ісін, қызмет көрсетудің әдіс-тәсілін қалыптастыратын білікті маман. Жұрт көп біле бермейтін, көп елене бермейтін бірақ, оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп, қызмет атқарып жатқан кітапханашылырдың еңбектері ұшан-теңіз.

Қаламыздағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің балалар мен жасөспірімдер кітапханасында 8 қызметкер 4500 жуық оқырманға қызмет көрсетеді. Оқырмандарының негізгі құрамы қызметкерлер, жоғары және арнаулы оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, зейнеткерлер, жастар, балалар мен оқушылар. Кітапханада 0-4 сынып абонементі, 5-9 сынып абонементі, 10-11 сынып оқушыларының абонементі, оқу залы оқырмандарға қызмет көрсетеді. Кітапхананың ең жас оқырман 4 жаста болса, жасы үлкен оқырманымыз – 77-де. Оқырмандарды кі-тапханаға тарту мақсатында кітапханалық қызметті жаңа үлгіде қалыптастыруға жұмыс жасап жатырмыз. Кітапты және оқуды насихаттау, балалар мен жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында кітап көрмелері, ақын-жазушылармен кездесулер, шығармашылық кештер, букроссинг, кітапханалық марафон, флеш-моб жиі ұйымдастырылады. Сондай-ақ, студенттер мен мектеп оқушылары үшін экскурсиялар, ашық есік күндері, жарнама акциялары өткізіліп тұрады. Біздің оқырмандар интернет арқылы ақпарат іздеуге, әртүрлі әлеуметтік желілерді және электронды үкіметтің онлайн қызметтерін пайдаланады.

Кітапханашының еңбегі қоғам мен мемлекеттің дамып, өркендеуіне өте қажет әрі маңызды мамандық екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Кәсіби мереке қарсаңында әріптестерімді мерекелерімен құттықтап, қоғамда кітапханашы беделі жоғарылап, мәртебелі мамандық ретінде танылa берсін дегім келеді.

**Жанар ТУКЕНОВА,**
**Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының меңгерушісі**
*Суреттердіі түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**